

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы

№ 09 ХАТТАМА

24 сәуір 2024 жыл

Ғылыми кеңес мәжілісі

Төраға: ректордың м. у. а., ҚР еңбек сіңірген қайраткері Н.Н. Аширов

Хатшы: физ. және матем. ғылымдарының кандидаты, доцент Ш.А. Аманжолова

ҚАТЫСҚАНДАР: 24 адам (Келу парағы хаттамаға қоса тіркеледі).

ҚАТЫСПАҒАНДАР: 3 адам – 1) Е.Ж. Скаков, Ректор аппараты қызметінің басшысы, 2) Г.К. Мурзабекова, «Ішектегі аспаптар» кафедрасының меңгерушісі; 3) А.Г. Каирбекова, «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының меңгерушісі (іссапарына байланысты).

Күн тәртібінде:

1) Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның 2024-2025 оқу жылына арналған Оқуға қабылдау ережесін бекіту туралы *(Жауапты хатшылар)*;

2) Жаңадан түсетін контингент (бакалавриат, магистратура, докторантура) үшін білім беру бағдарламаларының өзгерістерін және 2024-2025 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарларының жобаларын бекіту туралы *(Н.А. Ертаева, Оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру қызметінің басшысы)*;

3) 2024-2025 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарларын және ауыспалы контингент Білім беру бағдарламаларының өзгерістерін бекіту туралы *(Н.А. Ертаева, Оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру қызметінің басшысы)*;

4) Бакалавриат (шығармашылық емтихан), магистратура және докторантураға түсу емтихандарының тізімі мен бағдарламаларын бекіту туралы *(Декандар)*;

5) Қазақстан Республикасы Мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендиясын ұсыну туралы *(Н.Н. Аширов, ФК төрағасы, ректордың м. у. а.)*;

6) Ақпараттық саясат бөлімінің жұмысы туралы *(А.Н. Муратканова, Ақпараттық саясат бөлімінің аға менеджері)*;

7) Халықаралық бөлім туралы Ережеге және қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарына енгізілетін өзгерістерді бекіту туралы *(Д.Д. Уразымбетов, Халықаралық бөлім басшысы)*;

8) Құрманғазы атындағы ҚҰК сайтының құрылымын оңтайландыру бойынша мониторинг жүргізу; бірегей және жоғары сапалы мазмұн мен навигацияны жаңарту және құру; техникалық ақауларды жою және функционалдылықты кеңейту *(А.С. Сарымсакова, Сапа менеджменті секторының басшысы)*;

9) «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы (А.С. Сарымсакова, Сапа менеджменті секторының басшысы);

10) Ішкі сапаны қамтамасыз ету саясаты құжатын бекіту туралы (А.С. Сарымсакова, Сапа менеджменті секторының басшысы);

11) Құрманғазы атындағы ҚҰК 2024 жылға арналған сапа саласындағы мақсаттарды бекіту туралы (А.С. Сарымсакова, Сапа менеджменті секторының басшысы);

12) ЖОО ПОҚ ғылыми еңбектерін баспаға ұсыну туралы:

12.1 В.А. Шапилов, Ш. Мұхамбетжанов. «Екі дауыстылықтағы күрделі контрапункт. Практикалық жұмыстар» атты электрондық оқулық;

12.2 А. Сабырова. «Әлем халықтарының музыкасы» пәнінен оқулық;

12.3 А. Бекенова, Д. Махмуд, М. Иванова «Халықаралық дөңгелек үстел материалдарының жинағы».

13) «Вокал, дирижерлеу және музыкалық білім беру» факультеті «Дирижерлеу» кафедрасының доценті Г.К. Берекешевті профессор лауазымына ұсыну туралы і (Б.А. Жаманбаев, «Дирижерлеу» кафедрасының меңгерушісі);

14) Өртүрлі.

КІРІСПЕ СӨЗ:

Н.Н. АШИРОВ – Ғылыми кеңес төрағасы, ректордың м. у. а., ҚР еңбек сіңірген қайраткері:

Қайырлы күн, құрметті Ғылыми кеңес мүшелері!

Ғылыми кеңестің кезекті мәжілісін ашық деп жариялаймын. Күн тәртібіндегі алғашқы сұраққа ауыссақ.

1. ТЫҢДАЛДЫ: Қабылдау комиссиясының жауапты хатшыларының (бакалавриат, магистратура, докторантура) Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның 2024-2025 оқу жылына арналған Оқуға қабылдау ережесі мен талаптарын бекіту туралы баяндамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

А.К. ИМАНБАЕВ – Бакалавриат бойынша Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы:

Қайырлы күн, құрметті ҒК төрағасы және мүшелері! Назарларыңызға Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның 2024-2025 оқу жылына арналған Қабылдау комиссиясының жұмыс жоспарымен таныстыруға рұқсат берулеріңізді сұраймын. (сәуір-мамыр).

1. Қабылдау комиссиясының жұмыс жоспарын бекіту.

2. Техникалық хатшылардың тізімін проректормен келісу және бекіту.

3. Қабылдау комиссиясының құрамын бекіту (ректордың бұйрығымен).

4. Мамандықтар бойынша емтихан талаптарын үш тілде дайындау.

5. Теориялық Комиссия төрағасымен бірлесіп оқуға қабылдау емтихандарының талаптарын дайындау;
6. Құрманғазы атындағы ҚҰК баспаханасымен жұмыс жасау.
7. Декандармен және кафедра меңгерушілермен апелляциялық, консультациялық және пәндік комиссиялар мүшелерінің тізімдерін бекіту.
8. Концертмейстерлер тізімін бекіту.
9. Консультациялар мен түсу емтихандарының кестесін дайындау және бекіту.
10. «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ 2024-2025 оқу жылына арналған жоғары білім беру (бакалавриат). бағдарламаларына оқуға қабылдау қағидаларын дайындау және бекіту.
11. ББ (мамандықтар)бойынша емтихан талаптарын бекіту.

«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ 2024-2025 оқу жылына арналған жоғары білім беру (бакалавриат) бағдарламаларына оқуға қабылдау қағидалары келесі бұйрықтар негізінде жасалды:

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік ережелері;

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген «Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу» және «Ұлттық бірыңғай тестілеуді тапсыру туралы сертификат беру» мемлекеттік қызмет көрсету ережелері;

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы № 264 қаулысымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квоталарының мөлшері.

ҚАБЫЛДАУ КЕЗЕҢІ – 2024

Бакалавриат бойынша түсу емтихандарын өткізу мерзімдері

Талапкерлерді ҰБТ-ға қатысу үшін тіркеу мерзімдері	28 сәуірден 14 мамырға дейін
ҰБТ өткізу мерзімі	16 мамырдан 05 шілдеге дейін
Шығармашылық емтихандарға құжаттарды қабылдау мерзімі	20 маусымнан 07 шілдеге дейін
Кеңес беру мерзімдері	01 маусымнан 07 шілдеге дейін
Шығармашылық емтихан өткізу мерзімі	08 шілдеден 15 шілдеге дейін

қайта ҰБТ тапсыру үшін өтініштерді қабылдау мерзімі (ақылы негізде оқу үшін)	15 шілдеден 30 шілдеге дейін
ҰБТ өткізу мерзімі	10 тамыздан бастап 20 тамызға дейін
ЖОО-ға қабылдау мерзімі	10 тамыздан 25 тамызға дейін

Шығармашылық емтихандарға қатысуға арналған құжаттар тізімі:

- 1) қабылдау комиссиясы төрағасының атына қабылдау туралы өтініш;
- 2) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі туралы құжат (түпнұсқа), қосымша бес немесе жеті жылдық музыкалық білімі бар жалпы білім беретін мектепті бітіргені туралы аттестат («Арт-менеджмент») (түпнұсқа);
- 3) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 6 фотосурет;
- 4) жеке басын куәландыратын құжат көшірмесі (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі);
- 5) № 075-У нысанындағы медициналық анықтама (флюорография суреті), 063-нысан және көшірмесі (егу паспорты);
- 6) ҰБТ сертификаты;
- 7) тіркеу куәлігі немесе әскери билет (ұлдар үшін міндетті);
- 8) білім беру грантын беру туралы куәлік (бар болса);
- 9) жеңілдіктерді растайтын құжаттар: соңғы үш жылдағы лауреат дипломы – 2022, 2023, 2024 (түпнұсқа және көшірме), жетімдерге ата-анасының қайтыс болғаны туралы куәлік және т. б., талапкердің мүгедектігі туралы анықтама;
- 10) құжаттардың барлық түпнұсқалары сканерленген түрде CD дискіде немесе флеш-картада;
- 11) қағаз папка, 6 файл, конверт (фотосуреттер үшін).

Құжаттарды қабылдау екі міндетті тәсілмен жүзеге асырылады:

1. Платонус ААЖ арқылы құжаттарды электрондық форматта беру <http://185.217.181.83> / 20 маусымнан 07 шілдеге дейін. Құжаттарды сканерлеген кезде барлық әріптер, қолтаңбалар және мөрлер анық көрінуі тиіс;
2. Құжаттарды 20 маусым мен 07 шілде аралығында консерваторияның қабылдау комиссиясына (Алматы қ., Абылай хан даңғылы 86) қағаз түрінде тапсыру.

Құрметті FK төрағасы және мүшелері! № 600 бұйрығына өзгерістер әзірше енгізілген жоқ. Сондықтан былтырғы бұйрық бойынша жұмысты бастадық. Дегенмен бұл бұйрыққа келесі өзгерістер енгізілуі мүмкін:

- 1) ҰБТ екі пән бойынша тапсырылады, олар: «Қазақстан тарихы» бойынша максималды балл – 20, минималды балл – 5; «Оқу сауаттылығы» бойынша максималды балл – 10, минималды балл – 3. «Математикалық сауаттылық» бойынша тапсырылмайды; ҰБТ бойынша максималды балл – 30.

2) Шығармашылық емтихандар 2 деңгейі бойынша максималды балл – 45 болатын, ал осы жылы мамандық бойынша максималды балл – 50, теориялық, гармония максималды балл – 50. Жалпы – 100.

3) Барлығы болып – 130 балл, гранттық және ақылы орындарға минимум – 65 балл.

Енгізілетін өзгерістерде шетелдік абитуриенттер, яғни ұлты қазақ шетелдік азаматтар үшін түсініксіз жағдай болып тұр. Ол туралы хабарласып сұрайтын боламыз.

4) шығармашылық емтихандарға қатысу үшін өтініштер 20 масымнан 10 тамызға дейін қабылданады деп көрсетілген. Ал емтихандардың өзі 07 шілдеден 15 тамызға дейін. Аралықтар бойынша түсініксіз жағдайлар болып тұр. Міндетті түрде анықтамаларды сұрайтын боламыз.

Қабылдау үдерісіне қатысты барлық мәліметтерді сайтқа жүктейтін боламыз. Және қазақ, орыс тілдерінде WhatsApp желісінде чат ашылды. Абитуриенттердің сұрақтарына жауап беру мақсатында.

Қабылдау комиссиясы тарапынан 2024 жылғы қабылдау үдерісіне байланысты буклеттер, QR-кодтар, сілтемелер жасалды және олар Қазақстан бойынша барлық музыкалық мектептер мен колледждерге жіберілді.

Г.Б. ӘБДІРАХМАН – Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор:

Рахмет Азамат Капуханович. Құрметті ҒК төрағасы және мүшелері, № 600 бұйрығына енгізілетін өзгерістерге түсініктеме беріп өтсем. Барлық құжаттар осы бұйрық негізінде жасалады. Жоғарыда айтылған өзгерістер екі министрліктер тарапынан бекітіледі. Олар ҚР ҒЖБМ мен ҚР МАМ. Бұл өзгерістер жобасы ҚР ҒЖБМ тарапынан келді, бірақ әлі бекітілген жоқ. Шығармашылық емтихандар бойынша көрсетілген мерзімдерді ішкі құжаттар есебінде бекітуге болады. ҚР МАМ тарапынан құжат келді, яғни «Орындаушылық өнер» Білім беру бағдарламалары бойынша комиссия құрамында домбырашылар, пианистер, вокалистер, қобызшыларда бар. Бұл дұрыс емес, яғни №600 бұйрықтың осыған қатысты бөлімінде де өзгерістер болады. Дәл қазіргі уақытта біз №600 бұйрықтың былтырғы нұсқасымен бастады. Егер жоғарыдағы жобалар бекітілсе, әрине оларды алдағы ҒК-пен бекітетін боламыз.

Тағы бір ерекше айтып өтетін жайт, кәсіптік бағдар беру жұмысы бойынша жүргізілетін «Ашық есік күні» әдеттегідей онлайн режимінде жүргізілетін болады. Декандар тарапынан өткізілу мерзімдерінің кестесі мен афишасы берілді. Міндетті түрде кафедра менгерушілеріде қатысулары керек.

Д.Е. КЕШУБАЕВА – Магистратура және докторантура бойынша Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы:

Құрметті ҒК төрағасы және мүшелері!

2024-2025 оқу жылына арналған магистратура мен докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау ережесі келесідей:

Магистратура бойынша өтініштерді қабылдау 2024 жылғы 01 маусымнан 05 шілдеге дейін жүргізіледі. Докторантураға түсушілердің өтініштерін қабылдау 2024 жылдың 03 шілдесінен 03 тамызына дейін жүргізіледі. Жоғарыда айтып өтілген жоба бойынша магистратураға қабылдау 01 маусымнан 8 шілдеге дейін көрсетілген, бұл әрине әлі жоба.

Магистратура бойынша емтихандар мерзімі былтырғы № 600 бұйрық бойынша 16 шілдеден 25 шілдеге дейін. Мамандық бойынша 1-шығармашылық емтихандарды 17 шілдеге қойдық, ал 2-шығармашылық емтихан, яғни рефераттарды қорғау 18 мен 19 шілдеге қойылды.

Докторантура бойынша түсу емтихандары 06 тамыз күні болады. Бұл күні 2 шығармашылық емтихандар өтеді, яғни мамандықтар бойынша рефераттарды қорғау. Магистратура мен докторантураға қабылдау бұйрықтары 2024 жылдың 28 тамыз күні шығатын болады.

Қазіргі уақытта барлық кафедралардан түсу талаптары, емтихан кестелері, техникалық жағынан жауапты хатшылар, емтихандар бойынша комиссия құрамдары мен апелляциялық комиссия құрамдарын қабылдап жатырмыз. Барлық комиссия құрамдары қайталанбайды.

Баяндамам аяқталды. Сұрақтарыңыз болса жауап беруге дайынбын.

Т.Т. ТОКЖАНОВ – «Халық музыкасы» факультетінің деканы:
Бейіндік бағыттағы докторантураға қабылдау үдерісі қалай?

Д.Е. КЕШУБАЕВА – Магистратура және докторантура бойынша Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы:

Консерваторияда докторантураға тек ғылыми-педагогикалық бағытта қабылданады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның 2024-2025 оқу жылына арналған бакалавриат, магистратура, докторантура бойынша оқуға қабылдау ережелері бекітілсін.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

2-3. ТЫҢДАЛДЫ: Оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру қызметінің басшысы Н.А. Ертаеваның жаңадан түсетін контингент (бакалавриат, магистратура, докторантура) үшін білім беру бағдарламаларының өзгерістері, 2024-2025 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарларын және ауыспалы контингент Білім беру бағдарламаларының өзгерістерін бекіту туралы баяндамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Н.А. ЕРТАЕВА – Оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру қызметінің басшысы:

Құрметті ҒК мүшелері! Назарларыңызға 2024-2025 оқу жылына арналған Оқу жұмыс жоспарына енгізілген өзгертулер (бакалавриат, магистратура, докторантура) жөнінде баяндаманы ұсынамын.

ГОСО бойынша ешқандай өзгерістер биылға жоқ.

2. ші сұрақ бойынша оқу-педагогикалық жүктемесін жоспарлаудағы уақыт нормасының Ескертулер бөлімінде

1. Тармақшасындағы көрсетілген пәндерді Оқу жоспарындағы атаумен сәйкестендірілді, көріп тұрғандарыңыздай *Тілдер бойынша практикалық сабақтар, пәндер бойынша: «Информатика»/ Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар , «Гармония», «Полифония», «Сольфеджио», «Музыкалық пішінді талдау»/ Музыкалық шығармалардың талдау, «Этносольфеджио», «Фольклорлық музыкалық шығармаларды талдау», «Аспаптау» кіші топтарға жоспарланады, сыйымдылығы 10-12 адам.

2. «Музыкалық білім беру» білім беру бағдарламасы бойынша биыл соңғы білім алушылардың бітіруіне байланысты, 1.2 тармақшасы қысқартылды.

1.2. «Музыкалық білім беру» білім беру бағдарламасының пәндері бойынша практикалық сабақтар: «Дирижерлеу», «Дирижерлық техника негіздері» және «Хормен ән айту» 7 адамнан кем емес кіші топтарға жоспарланады. . Басқа өзгерістер жоқ.

3-ші сұрақ бойынша: 2024-2025 оқу жылына арналған Оқу жұмыс жоспарына өзгертулер енгізу туралы (бакалавриат, магистратура, докторантура) ГОСО бойынша ешқандай өзгерістер биылға жоқ.

20.12.2022 ж. Қазақстан Республикасы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарма төрағасының м.а № 239 бұйрығының № 26 қосымшасына сәйкес «6B02124 Музыкалық театрдың режиссурасы» БББ және «Мәдениет саласындағы кәсіптік стандарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 2024 жылғы 17 сәуірдегі № 150 және № 151 бұйрықтарына сәйкес келесі БББға өзгерістер енгізілді:

• Бакалавриат бойынша 8 БББ:

- 1) 6B02115 Аспаптық орындаушылық (түрлері бойынша);
- 2) 6B02116 Дәстүрлі музыка өнері (түрлері бойынша);
- 3) 6B02117 Дирижерлеу (түрлері бойынша);
- 4) 6B02123 Арт-менеджмент;
- 5) 6B02114 Музыкатану (түрлері бойынша);
- 6) 6B02103 Вокалдық өнер;
- 7) 6B02111 Композиция;
- 8) 6B02118 Әскери үрмелі аспаптар оркестрінің дирижері.

• Бейіндік магистратура бойынша 5 жаңа БББ (2022 жылы реестрге тіркелген):

- 1) 7M02153 Вокалдық өнер;

- 2) 7M02155 Дирижерлеу;
 - 3) 7M02163 Арт-менеджмент;
 - 4) 7M02154 Дәстүрлі музыка өнері;
 - 5) 7M02152 Аспаптық орындаушылық.
- Ғылыми-педагогикалық магистратура бойынша 7 БББ:
- 1) 7M02102 Аспаптық орындаушылық;
 - 2) 7M02101 Музыкатану;
 - 3) 7M02111 Композиция;
 - 4) 7M02103 Вокалдық өнер;
 - 5) 7M02104 Дәстүрлі музыка өнері;
 - 6) 7M02105 Дирижерлеу;
 - 7) 7M02123 Арт-менеджмент.
- Докторантура бойынша 7 БББ:
- 1) 8D02123 Арт-менеджмент;
 - 2) 8D02101 Музыкатану;
 - 3) 8D02104 Дәстүрлі музыка өнері;
 - 4) 8D02102 Аспаптық орындаушылық;
 - 5) 8D02111 Композиция;
 - 6) 8D02103 Вокалдық өнер;
 - 7) 8D02105 Дирижерлеу.

2024 жылдың 14 ақпанында Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Оқу-ағарту министрлігінің бірлескен «Сапалы білімнен сапалы адами капиталға» атты алқа отырысының жоғары білім беру секциясының хаттамасының 3.1 тармағының 5 тармақшасын және 2023 жылдың 20 желтоқсанындағы Республикалық оқу әдістемелік кеңесі хаттамасының 4.3 шешімін орындау мақсатында:

Мәдениеттегі менеджмент және маркетинг негіздері пәнінің таңдау пәні альтернативасы Қаржылық сауаттылық негіздері пәніне арт-менеджмент білім беру бағдарламасынан басқа барлық білім беру бағдарламасында ауыстырылды.

Вокалдық өнер білім беру бағдарламасына бұрын болмаған жаңадан енгізілді.

«Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығының 17-тармағына сәйкес өзгерістер енгізілді.

Кәсіби практика модулі алынып тасталды.

Кәсіби практиканың әрбір түрі (оқу, өндірістік, педагогикалық және дипломалды) оның ерекшеліктері мен тақырыбына байланысты белгілі бір модульдерге ауыстырылды.

оқу траекториясын оңтайландыру мақсатында «6B02123 Арт-менеджмент» білім беру бағдарламасына келесі өзгерістер енгізілді:

1. Major бағдарламасына баламалы пәндермен және олардың сипаттамасымен пәндер енгізілді:

Модуль 9.

- Жобаны басқару (5 кр.) пәнінің орнына орындаушылық репертуарды (5 кр.) ұйымдастыру және насихаттау

Модуль 11. Жаңа пән енгізілді:

- Музыкалық-өндірістік аудиовизуалды жобаларды басқару / Режиссура және сахналық шеберлік негіздері (5 кр.)

Композиция БББ Ғылыми зерттеу негіздері пәні енгізілді.

Магистратура, Докторантура бойынша қорытынды аттестация модулинен кешенді емтихан -3 кр алынып тасталынды.

Дайындық курстары бойынша өзгерістер жоқ.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

2-3. Жаңадан түсетін контингент (бакалавриат, магистратура, докторантура) үшін білім беру бағдарламаларының өзгерістері, 2024-2025 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарлары және ауыспалы контингент Білім беру бағдарламаларының өзгерістері бекітілсін.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

4. ТЫҢДАЛДЫ: Факультет декандарының бакалавриат (шығармашылық емтихан), магистратура және докторантураға түсу емтихандарының тізімі мен бағдарламаларын бекіту туралы мәлімдемесі.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

А.С. НУСУПОВА – «Вокал, дирижерлеу және музыкалық білім беру» факультетінің деканы:

Құрметті ҒК төрағасы және мүшелері. Біздің факультетіміз бойынша бакалавриат (шығармашылық емтихан), магистратура және докторантураға түсу емтихандарының тізімі мен бағдарламалары өткізілді. Талаптар мен бағдарламалар бойынша өзгерістер жоқ. Барлығы былтыр жаңартылған 3 тілде.

Т.Т. ТОКЖАНОВ – «Халық музыкасы» факультетінің деканы:

Бізде факультетіміз бойынша бакалавриат (шығармашылық емтихан), магистратура және докторантураға түсу емтихандарының тізімі мен бағдарламалары өткіздік. Олар былтырғыдай, тек «Домбыра» кафедрасы бойынша 2 шығарма мен 5 күйден бөлек нотадан оқу сауаттылығы қосылды.

Г.Б. ӘБДІРАХМАН – Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор:

«Музыкатану» кафедрасының оқытушылары «Домбыра» мамандығы үшін жазбаша диктантты ұмытпаймыз. Және абитуриенттер тақырыптарды өздері таңдаулары керек.

Г.Ж. МУСАГУЛОВА – «Музыкатану, арт-менеджмент, әлеуметтік және гуманитарлық пәндер» факультетінің деканы:

Бізде де ешқадай өзгерістер жоқ. Тек қана жазба түрінде тапсырылатын емтихандар жаңартылды. «Арт-менеджмент» мамандығы бойынша жобаларды қорғауда ағылшын тілін де қолдануға болатыны және былтыр еркін тақырып болса, осы оқу жылында жобалар 5 тақырып бойынша қорғалатыны енгізілді. Тағы бір айтып өтетін жайт, «видео-визитка» деген қосылды, яғни оқуға түсушілер үш тілде өздерін таныстырулары керек. Коллэкквиум орнына сыни-ойлау әдісі қолданылатын болды.

Г.Б. ӘБДІРАХМАН – Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор:

Құрметті әріптестер, дәл осы коллэкквиум өткізу формалары № 600 бұйрықта бар. Біз одан шектей алмаймыз. Міндетті түрде коллэкквиум формаларының ішінде қалай өткізудің анықтамасын беру керек. Сонда сыни-ойлау әдісі арқылы бағаланады деп өзгерту енгізу керек.

Б.А. ЖАМАНБАЕВ – «Дирижерлеу» кафедрасының меңгерушісі:

«Дирижерлеу» мен «Оркестрді дирижерлеу» мамандығына өткізілетін теориялық жазба емтихандар туралы сұрайын дегем. Өйткені «Оркестрді дирижерлеу» мамандығының студенттерінің теориялық деңгейлерін көтеру керек.

М.Т. КОЙЛЫБАЕВА – «Музыкатану және композиция» кафедрасының меңгерушісі:

«Оркестрді дирижерлеу» мамандығы «Композиция» мамандығымен бірге есептер шығарады, «үш дауысты» «екі дауысты» және модуляцияға жазба диктанттары тапсырылады. Әрине олар өте қиын. Дегенмен, консультация кезінде абитуриенттердің деңгейін тексеруге тырысамыз.

Г.Б. ӘБДІРАХМАН – Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор:

«Композиция» мен «Оркестрді дирижерлеу» мамандықтары өте қиын есептеледі. Сондықтан бұл мамандықтарға қойылатын талаптар өте жоғары болуы керек. Мұнда оқуға түсушілердің бірінші мамандықтары болғаны өте жақсы болар еді.

Д.Е. МАХМУД – «Аспаптық орындаушылық» факультетінің деканы:

Біздің факультетіміз бойынша бакалавриат (шығармашылық емтихан), магистратура және докторантураға түсу емтихандарының тізімі мен бағдарламаларында өзгерістер жоқ. Тек бакалавриат бойынша «Ішекті аспаптар» мен «Классикалық гитара» мамандықтары үшін бағдарламалар екіге бөлінді, яғни «Ішекті аспаптар» 3, 4 этаптан тұратын ішекті гаммалар орындаса, «Классикалық гитара» мамандығына тусушілер орындамайды.

А.К. ИМАНБАЕВ – «Үрмелі және ұрмалы аспаптар» кафедрасының меңгерушісі:

Құрметті әріптестер, бізде бакалавриат бойынша жаңа мамандық – «Әскери үрмелі аспаптар оркестрінің дирижері». Бұл мамандыққа түсушілер «Оркестрді дирижерлеу» мамандығымен бірге емтихандар тапсырады, яғни мамандық бойынша шығармашылық емтихан және музыка-теориялық пәндер бойынша екінші шығармашылық емтихан.

Г.Б. ӘБДІРАХМАН – Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор:

«Музыкалық театр режиссурасы» мамандық бар. Талаптар былтырғыдай, яғни 65 баллдан төмен болмау керек.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

4. Бакалавриат (шығармашылық емтихан) магистратура және докторантураға түсу емтихандарының тізімі мен бағдарламалары бекітілсін және сайтқа орналастырылсын.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

5. ТЫҢДАЛДЫ: ҒК төрағасы, ректордың м. у. а. Н.Н. Ашировтың Қазақстан Республикасы Мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендиясына үміткерлерді ұсыну туралы баяндамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Н.Н. АШИРОВ – Ғылыми кеңес төрағасы, ректордың м. у. а., ҚР еңбек сіңірген қайраткері:

Құрметті ҒК мүшелері, Қазақстан Республикасы Мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендиясына Музыкатану, арт-менеджмент, әлеуметтік және гуманитарлық пәндер» факультеті «Музыкатану және композиция» кафедрасының профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, өнертану ғылымдарының докторы – Сәуле Ысқаққызы Өтеғалиеваны ұсынамын.

Ал басқа факультеттерден үміткерлер болса айтыңыздар.

Г.Ж. МУСАГУЛОВА – «Музыкатану, арт-менеджмент, әлеуметтік және гуманитарлық пәндер» факультетінің деканы:

Құрметті ҒК мүшелері, біздің факультетімізден ұсынылып жатқан Сәуле Ысқаққызы Өтеғалиеваның негіздеме қорытындысын ұсынамын

Сәуле Ысқаққызы Өтеғалиева – «Музыкатану және композиция» кафедрасының профессоры, өнертану ғылымдарының докторы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері есімі республикада және шетелдерде танымал беделді ғалым. Алматы мемлекеттік консерваториясын (қазіргі Құрманғазы атындағы ҚҰК) бітірді. Н. Черкасов атындағы ЛМТМжКИ-де (қазіргі Ресей өнер тарихы институты, Санкт-Петербург қаласы) аспирантураны тәмамдап, онда «Қазақ домбырашыларының музыкалық ой-өрісінің функциональдық контексті» тақырыбына кандидаттық диссертациясын қорғады (1987). С.Ы. Өтеғалиева өзінің кәсіби білімін жетілдіре отырып, П. Чайковский атындағы ММК-ның «Шетел музыкасы тарихы» кафедрасында ғылыми тағылымдамадан өтті (2011-2013), онда «Түркі халықтары музыкасының дыбыс әлемі: теория, тарих, тәжірибе (Орталық Азияның аспаптық дәстүрлер материалы негізінде)» тақырыбына докторлық диссертация қорғады (2017).

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында 1981 жылдан бері жұмыс істейді. Ол өзін жоғары білікті маман ретінде танытты. «Гармония және сольфеджио» (1992-1997), кейін «Музыка теориясы» (2003-2006) кафедраларын басқару кезінде (музыкалық-теориялық аралас пәндер бойынша білімді қамтитын кешенді курстарды әзірлеуге, сондай-ақ қазақтың және басқа түркі халықтары музыкасының материалына сүйенген жаңа пәндерді енгізуге айрықша мән берді. Оқу үдерісіне «Халық музыкасы» факультеті және басқа мамандықтардың студенттеріне, магистранттарға, докторанттарға арналған «Этносольфеджио», «Этноаспаптану», «Домбыра музыкасына талдау», «Түркі халықтарының дыбыс әлемі» тәрізді арнайы курстар енгізілді. Бұл пәндер шын мәнінде орталық-азиялық аймақта алғашқы болып қолға алынды. Домбырашыларға арналған «Этносольфеджио» пәні бойынша авторлық Бағдарламасы баспадан жарық көрді (2005).

С.Ы. Өтеғалиева қазақстандық және ресейлік музыка ғылымының таңдаулы үлгілерін дамыта отырып, жоғары білікті мамандар даярлауға өзінің мол үлесін қосып келеді. Өзінің этномузыкатану мектебі қалыптасқан. «Мамандану» пәні бойынша класында докторанттар (Б.Джунусова), магистранттар (Е. Әлімкүл, Б. Тансықбаева, Е. Қазмұхамбетов), студенттер оқиды. Екі кандидаттық (А. Сарымсақова, Р. Алсаитова, 2010), 20-ға жуық магистрлік (Х. Домуллаева, 2010, А. Қарсақбаева, 2011, Б. Әбішева, Г.Далбағай, М. Хисаметденова, 2014, А. Тілепбергенов, А. Сырғабаева, Н. Жақыпбек, 2016, А. Көпжанова, 2017, Б. Игілік, 2018, А. Ибрагимов, 2019, А. Шнаров, 2020, Э. Кашкенбаева, 2021, Ж. Дуйсенбаева, И. Турсунбек, 2022, Н. Базарбаева, Б. Бахыт, 2023) диссертациялар бірқатар дипломдық жобалар қорғалды.

С.Ы. Өтеғалиева – республикалық және шетелдік беделді басылымдарда (Ресей, Оңтүстік Корея, Польша, Германия, АҚШ) жарияланған 200-ден астам ғылыми еңбектің авторы. Бұл зерттеулер қазақтың және Орталық Азияның басқа да халықтарының аспаптық музыкасы мен музыкалық аспаптарын терең зерттеуді, музыкалық түркология мәселелеріне қатысты жоғары біліктілікті қамтитын қазіргі заманғы қазақстандық этномузыкатану саласының дамуындағы жаңа кезеңді қамтиды. Ғалымның мынадай кітаптары бар: «Маңғыстау домбыра дәстүрі» (1997), «Орталық Азияның хордофондары» (2006), «Батыс Қазақстанның домбырашылық дәстүріндегі «түркімен» күйлері» (қос авторлықпен) баспадан екі мәрте жарық көрген (2008, 2015). Ғалымның «Түркі халықтары музыкасының дыбыс әлемі: теория, тарих, тәжірибе (Орталық Азияның аспаптық дәстүрлер материалы негізінде)» (2013 ж.) атты докторлық монографиясы Мәскеуде шығарылды.

С.Ы. Өтеғалиева – халықаралық дәрежеде жоғары бағаланған бірнеше кітаптар мен жинақтардың ғылыми редакторы және редактор-құрастырушысы. Осы басылымдардың ішінде И. Мацневскийдің «Народная инструментальная музыка как феномен культуры» (2007), Б. Игіліктің «Алыстағы шұғыла. Шыңжаң қазақтарының күйлері» (2011) монографиялары, сондай-ақ халықаралық тұрғыдан жоғары бағаланған «Азияның дәстүрлі музыкасы: проблемалар мен материалдар» (1996), «Түркі әлемінің музыкасы» және «Орталық Азия халықтарының музыкасы» (2009), «Түркі-моңғол халықтараның дәстүрлі музыкасы: зерттеу проблемасы. Дыбыс феномені» (2014), «Дыбыстан аспапқа: түркітілдес әлемнің дәстүрлі мәдени мұрасындағы дыбыс феномені» (2016), «Кәзіргі музыка түркологияның өзекті мәселелер» (2018) және т.б. халықаралық семинарлардың, конференциялар мен симпозиумдардың материалдары бар. Берлин фонограммархивінде сақталған Р. Карутцтың 1905 ж. жинаған аудиотаспаларының негізінде ҚР «МИР» ТРК бірлесіп «Түркістан әндері мен аспаптық пьесалары» атты кітабы С.Ы. Өтеғалиевамен тұңғыш рет шығарылды; ғылыми-танымал «Времен связующие звуки» фильмінде (2018) кеңесші болды. Түркі мәдениеті мен мұрасының халықаралық қорының қолдауымен ол төрт тілде дайындалған Түркі елдерінің ұлттық музыкалық аспаптарының атласын шығаруға қатысты (ағылшынша, түрікше, әзірбайжанша, орысша) (Баку, 2024).

С.Ы. Өтеғалиеваның ғылыми қызметі отандық этномузыкатануда, сондай-ақ дәстүрлі музыкалық өнер саласында қол жеткен жетістіктерді насихаттауға орай басқа елдердің (Ресей, Әзірбайжан, Польша, Германия) музыкалық ұйымдарымен халықаралық ынтымақтастық аясын кеңейтумен және оны нығайтумен тығыз байланысты. Ол жақын және алыс шетелдердегі ірі халықаралық форумдарға қатысты (Трабзон, 2018, Мәскеу, 2019, Новосибирск, 2021). «Түркітілдес әлемнің музыкасы» зерттеу тобының 8-ші симпозиумында (ICTMD Study Group) (Бишкек, 2022), Түркі мәдениеті жөніндегі конгресте (Алматы, 2023) және VIII этномузыкатану симпозиумында «Хоомей – Орталық Азия халықтары мәдениетінің феномені» (Қызыл, 2023) баяндама жасады. Ол – ESEM (Этномузыкалогия бойынша еуропалық семинар), ICTMD (ЮНЕСКО

жанындағы Дәстүрлі музыка және би бойынша Халықаралық Кеңес) мүшесі (1994 ж.), Қазақстан Республикасы композиторлар одағының басқарма мүшесі, Құрманғазы атындағы ҚҰК жанындағы докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық Кеңестің төрағасы (2020 жылдан бастап). С.Б. Өтеғалиева ҚР музыкатану ғылымын дамытуға және жоғары білікті жас ғалымдарды даярлауға зор үлес қосып келеді.

Құрметті ҒК мүшелері, С.Б. Өтеғалиеваның кандидатурасын қолдауды сұраймын.

Б.А. ЖАМАНБАЕВ – «Дирижерлеу» кафедрасының меңгерушісі:

Құрметті ҒК мүшелері, С.Б. Өтеғалиеваның кандидатурасын менде қолдаймын. Ал біздің факультет Нүсіпова Айзада Сайфуллақызыны ұсынады.

Болашағынан зор үміт күттіретін жас ғалым – өнертану ғылымының кандидаты, «Вокал, дирижерлеу және музыкалық білім беру» факультетінің деканы, «Музыкатану және композиция» кафедрасының доценті, Ғылыми Кеңестің Хатшы ғалымы Нүсіпова Айзада Сайфуллақызының ғылыми бағытының саласы қазақстандық музыкатану ғылымының заманауи және өзекті мәселелерімен байланысты және музыкалық тәжірибе үшін қажетті қазақ кәсіби музыкасы туралы жаңа білім деңгейін қалыптастыруға көзделген.

Нүсіпова А.С. фортепианода орындаушылық өнерінің маңызды тұстарына және Қазақстан музыка мәдениетіндегі композиторлық шығармашылыққа ерекше көңіл бөледі. А.С. Нүсіпованың диссертациясында зерттеу нысаны ретінде еуропалық музыканың айқын жанрларының бірі – көне клавир үлгілерінен бастап аса заманауи түрлеріне дейінгі ұзақ эволюциялық өзгерістен өткен фортепианолық концерт алынған.

Соңғы жылдары А.С. Нүсіпованың ғылыми-зерттеу жұмысының ауқымы айтарлықтай кеңейген. Ол республиканың кәсіпқой композиторларының шығармашылығын насихаттаумен белсенді айналысады. 2012 жылы оның редакциясымен «Қазақстан композиторлары» кітабы әзірленіп, шығарылды (22,5 б.т., том I), бұл кітапқа аға буын музыканттарының 15 шығармашылық «бейнесі» біріктірілді; сондай-ақ, Н. Меңдығалиев туралы мақалалары жарияланды. 2013 жылы «Қазақстан композиторлары туралы очерктер» кітабы (38 б.т.) жарық көрді, бұл кітапқа орта және жас буын өкілдерінің 32 шығармашылық «бейнесі» енгізілген; А.С. Нүсіпова осы кітаптың құрастырушысы, жауапты редакторы және бірқатар мақалалардың авторы болды.

Нүсіпова А.С. – қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген «Гармония бойынша хрестоматияның» (Қазақстан композиторларының мысалында) авторларының бірі (Н.С. Кетегенова және Г.З. Бегембетовамен бірге, 27 б.т.), оның құрамында 570 музыкалық мысал бар. Бұл – музыкалық колледжер мен жоғары оқу орындарының арнайы музыкатану және жалпы (орындаушылық) курстарының студенттеріне арналған осы бағыттағы республикадағы алғашқы оқу-әдістемелік құрал.

Ол – келесі мамандықтар бойынша жеті Типтік оқу бағдарламаларының авторы: «Дирижерлік» (Гармония, 2013), «Вокал өнері» (Гармония, 2013), «Аспаптарда

орындаушылық» (Гармония, 2013, 2016), «Дәстүрлі музыка өнері» (Гармония, 2013, 2016), «Дәстүрлі музыка өнері» (Сольфеджио, 2013), Вокал өнері (Ырғақты сольфеджио, 2016). Сондай-ақ, ол аталған жеті мамандық бойынша пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеген.

А.С. Нүсіпованың Құрманғазы атындағы ҚҰК оқу мен жұмысты қатар атқаруымен жалпы еңбек өтілі 23 жылды құрайды. Ол барлық жалпы бакалавриат курстарында музыкалық-теориялық пәндерден сабақ береді және магистратурада дәріс сабақтарын табысты өткізеді. Оның ұстаздық қызметі тұлғалық қасиеттерін іске асыруға қабілетті болатын, тәуелсіз шығармашылық тұлғаны тәрбиелеуге көзделеді. Сабақ берудің жаңа сапасын, дәріс материалын берудегі заманауи тәсілдердің қолданылуын, оқушылардың оқу үрдісіне барынша кірісуінің жоғары дәрежесін көрсететін оның ашық сабақтарды ұдайы өткізуі кезіндегі ұстаздық еңбегін әріптестері жоғары бағалайды. Қос мамандықты – пианинода ойнау мен музыкатануды біріктіруі ғылыми-тәжірибелік қызметте, музыкалық-теориялық пәндерден сабақ беру әдістемесінде жаңа мүмкіндіктер ашады және А.С. Нүсіпованың жұмысқа ерекше қабілеттілігімен анықталады. Оның аспапты жетік меңгеруі гармониялық, құрылымдық басқа да музыкалық айқындылық құралдары жағынан басқалар үшін құпия, өзіне тән ерекшеліктердің (теориялық және тәжірибелік тұрғысынан) болуын куәландырады.

А.С. Нүсіпованың оқу-әдістемелік жұмысы оқу үрдісінің өзекті мәселелерін шешуге бағытталған. Мысалы: ол алғаш рет авторлық келесі арнайы курстарды әзірледі: бакалавриат үшін «Ырғақты сольфеджио» және магистратура үшін «Қазақстан заманауи композиторларының шығармашылығы», «Концерт жанрының тарихы». Әдістемелік басылымдарының жалпы көлемі – 50 б.т. астам.

А.С. Нүсіпованың еңбектер тізімінде – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде 90-нан астам ғылыми жұмыстар, оның ішінде ҚР БҒМ БҒСБК ұсынған басылымдарында он алты, Scopus, Thompson Reuters дерекқорына кіретін шетелдік басылымдарда бес, «XX ғасырдың екінші жартысындағы мәдени – стильдік үдерістер контекстіндегі Қазақстан композиторларының шығармашылығы», «Қазақстан шығармашылығындағы фортепиано концертінің жанры (1940-2000 жылдар)» атты екі монография, бір-оқу құралы «Үйлесімділік бойынша хрестоматия» (Қазақстан композиторларының шығармалары негізінде), алты – шығармашылық жұмыс («Қазақстан композиторлары» 3 томдық және «Қазақстан композиторлары туралы очерктер», «Құпияны сақтаушы. Базарғали Жаманбаев», «Ән тербер жүрегімді, ҚазКСР Халық әртісі, профессор Бекен Жылысбаевтың 100 жылдығына орай, сондай-ақ мақалалар ғылыми-танымал басылымдарда, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында және әртүрлі жинақтарда жарияланған.

2016 жылы Нүсіпова А.С. Диссертациялық Кеңес туралы Ереженің әзірлеушісі ретінде Құрманғазы атындағы ҚҰК Диссертациялық Кеңестің ашылуы үшін құжаттар пакетін алғаш рет дайындап, табысты қызмет етуінің негізін қалады. 2016 жылдан бастап осы күнге дейін Диссертациялық Кеңестің Хатшы ғалымы. Осы уақыт бойы философия докторы (PhD) академиялық дәрежесін алу үшін он екі

докторанттардың еңбегі табысты қорғалып, расталған: М. Кокишеваның, А. Тлеубергенованың, А. Қалдаяқованың, Д. Махмудтың, Е. Жаменкееваның, О. Нестерованың, М. Медеубектің, Г. Тасбергенованың, А. Бекенованың, А. Оспанованың, М. Әмзенің, Б. Бабижанның.

2016-2017 оқу жылдары Нүсіпова А.С. Құрманғазы атындағы ҚҰК Ғылыми Кеңесінің Баспасөз хатшысы болды.

Нүсіпова А.С. құрастырушы ретінде, Н.С. Кетегеновамен бірге 2012 жылы басталған «Қазақстан композиторлары» кітабы топтамасын (үш томдық) әзірлеп, шығаруды жалғастырды, оның редакциясымен 2017ж. II том (39 б.т.) және III том (36 б.т.) баспадан шықты, жалпы көлемі 75 б.т., оған түрлі буындағы композиторлардың 60 шығармашылық «бейнесі» кірді. Барлық басылымдар «Мәдениет және өнер саласында бәсекеге сай болуды арттыру, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерттеу және танымал ету, мұрағат ісін іске асырудың тиімділігін арттыру» бағдарламасы бойынша шығарылған. Кітаптарда А.С. Нүсіпованың Т. Қажғалиев, С. Еркімбеков, Г. Үзенбаева, О. Хромова, Е. Канапьянов, М. Иванов-Сокольский, А. Сағат туралы кеңейтілген очерктері берілген.

2018 жылдан бастап декан ретінде «Вокал, дирижерлеу және музыкалық білім беру» факультетін басқарады.

Нүсіпова А.С. тарихи-музыкалық және теориялық пәндер бойынша ұдайы біліктілігін шыңдайды. Ол соңғы бірнеше жылда келесі шетелдік жетекші музыкатанушылардың шеберлік сыныптарында қатысуын растайтын жиырмадан астам сертификат алған: А. Соколов, К. Зенкин, В. Юнусова, О. Матякубов, И. Кряжева, М. Дубровская, Д. Кирнарская, Т. Сапарғалиева, С. Екимова, О. Киселева, Г. Еременко т.б. Ол жоғары білім беру ұйымдарын аккредитациялау бойынша тәуелсіз сарапшы болу құқығын иеленген.

Ғылым саласындағы еңбегі үшін А.С. Нүсіпова ҚР БҒМ алғыс хатымен (20.11.2014) және «ҚР жоғары кәсіптік білім беру саласындағы үздік ғылыми қызметкер» құрметті атағымен (06.12.2021) марапатталды. Республиканың музыкалық мәдениетін дамытуға және Қазақстан композиторларының кәсіби шығармашылығын насихаттауға қосқан үлесі үшін ол ҚР МСМ-нің «ҚР Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды (28.11.2019).

А.С. Нүсіпованың бүгінгі таңда ҚР музыкатану ғылымына және музыкалық білім саласында жоғары білікті мамандар дайындауға қосқан үлесі зор.

Құрметті ҒК мүшелері, А.С. Нүсіпованың кандидатурасын қолдауды сұраймын.

Т.Т. ТОКЖАНОВ – «Халық музыкасы» факультетінің деканы:

«Халық музыкасы» факультеті Қожахметов Сұлтан Тайғараұлын ұсынады. Қожахметов Сұлтан Тайғараұлы 1971 – 1975 жылдар аралығында Шымкент музыка училищесін баян сыныбы бойынша тәмамдап, 1975 жылы Құрманғазы атындағы Алматы Мемлекеттік консерваториясына оқуға қабылданып, республикалық байқаулардың лауреаты атанды.

Консерваторияны үздік аяқтағаннан кейін 1990-1995 жж. Құрманғазы атындағы академиялық ұлт аспаптар оркестрінің баян тобының концертмейстері болып қызмет атқарды.

1996 – 2010 жж. П.И.Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжін басқарды.

2016 жылдан бастап Сұлтан Тайғараұлы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, Халық музыкасы факультеті, «Қобыз және баян» кафедрасының аға оқытушысы болып жұмыс істейді. Жыл сайын С.Т. Қожахметовтың класынан көптеген студенттер Халықаралық және Республикалық сайыстарда жүлделі орындарға ие болып, лауреат атануда.

Құрметті ҒК мүшелері, С.Т. Қожахметовтың кандидатурасын қолдауды сұраймын.

Н.Н. АШИРОВ – Ғылыми кеңес төрағасы, ректордың м. у. а., ҚР еңбек сіңірген қайраткері:

Құрметті ҒК мүшелері, бізде Қазақстан Республикасы Мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендиясына үш үміткер. Ұсынылған кандидаттарды дауысқа саламыз.

1. Сәуле Ысқақызы Өтеғалиеваны Қазақстан Республикасы Мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендиясына ұсынамыз. Дауыс беру үдерісіне өтсек. **ДАУЫС БЕРУ ЖҮРІП ЖАТЫР.**

Сәуле Ысқақызы Өтеғалиеваны Қазақстан Республикасы Мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендиясына ұсынылуы бойынша дауыс берудің нәтижесі:

Қатысқандар Ғылыми кеңес мүшелері: 25

Таратылған бюллетендер саны: 25

Таратылмаған бюллетендер саны: 3

«Қолдағандар» – 25 дауыс.

«Қарсы» – жоқ.

«Қалыс қалғандар» – жоқ.

Шешім бір дауыспен қабылданды.

2. Айзада Сайфуллақызы Нүсіпованы Қазақстан Республикасы Мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендиясына ұсынамыз. Дауыс беру үдерісіне өтсек. **ДАУЫС БЕРУ ЖҮРІП ЖАТЫР.**

Айзада Сайфуллақызы Нүсіпованы Қазақстан Республикасы Мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендиясына ұсынылуы бойынша дауыс берудің нәтижесі:

Қатысқандар Ғылыми кеңес мүшелері: 25

Таратылған бюллетендер саны: 25

Таратылмаған бюллетендер саны: 3

«Қолдағандар» – 25 дауыс.

«Қарсы» – жоқ.

«Қалыс қалғандар» – жоқ.

Шешім бір дауыспен қабылданды.

3. Сұлтан Тайғараұлы Қожахметовты Қазақстан Республикасы Мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендиясына ұсынамыз. Дауыс беру үдерісіне өтсек.
ДАУЫС БЕРУ ЖҮРІП ЖАТЫР.

Сұлтан Тайғараұлы Қожахметовты Қазақстан Республикасы Мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендиясына ұсынылуы бойынша дауыс берудің нәтижесі:

Қатысқандар Ғылыми кеңес мүшелері: 25

Таратылған бюллетендер саны: 25

Таратылмаған бюллетендер саны: 3

«Қолдағандар» – 25 дауыс.

«Қарсы» – жоқ.

«Қалыс қалғандар» – жоқ.

Шешім бір дауыспен қабылданды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

5. «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ Қазақстан Республикасы Мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендиясына келесі үміткерлерді ұмынады:

1) Сәуле Ысқақызы Өтеғалиева – «Музыкатану, арт-менеджмент, әлеуметтік және гуманитарлық пәндер» факультеті «Музыкатану және композиция» кафедрасының профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, өнертану ғылымдарының докторы;

2) Айзада Сайфуллақызы Нүсіпова – «Вокал, дирижерлау және музыкалық білім беру» факультетінің деканы, Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы, қауымдастырылған профессор, өнертану ғылымдарының кандидаты;

3) Сұлтан Тайғараұлы Қожахметовты – «Халық музыкасы» факультеті «Қобыз және баян» кафедрасының аға оқытушысы.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

6. ТЫҢДАЛДЫ. Ақпараттық саясат бөлімінің аға менеджері А.Н. Муратканованың Ақпараттық саясат бөлімінің жұмысы туралы баяндамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

А.Н. МУРАТКАНОВА – Ақпараттық саясат бөлімінің аға менеджері:

Қайырлы күн, құрметті ҒК төрағасы және мүшелері! Назарларыңызға Ақпараттық саясат бөлімінің жұмысы туралы баяндаманы ұсынамын.

АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТ БӨЛІМІНІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ:

I. КОНСЕРВАТОРИЯ САЙТЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН ЖҮРГІЗУ.

1. а) Консерваторияда ұйымдастырылған яғни, Ғылым бөлімі, Концерт бөлімі, Студенттер және түлектермен жұмыс жасау бөлімі, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес кеңесі, 4 факультетке қарасты 14 кафедра ұйымдастырған барлық іс-шаралар туралы ақпараттарды өндеп, дайындап консерватория сайтында және әлеуметтік желілердегі парақшаларында жариялау, Баспасөз-хабарламаларын, ресми хаттарды дайындау, іс-шаралардың фототүсірілімін жасау, ірі шараларға БАҚ өкілдерін шақыру сынды жұмыстар үздіксіз жалғасып отырады.

ә) Қазақстан Республикасының мемлекеттік және ұлттық мерекелеріне арнап құттықтау хаттарын және хабарламаларын дайындау: Жаңа жыл, 8-наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесі, 22-наурыз Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі, 9-мамыр – Жеңіс күні, Құрбан айт мейрамы, 30-тамыз – Конституция күні, 25-қазан Республика күні, 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесі сынды Республикалық мерекелеріміз жөнінде құттықтау посттарын дайындап консерватория парақшаларына жариялау.

б) Қазақ музыка өнеріне және Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясына еңбегі сіңген тұлғалардың туған күндеріне, мерейтойларына орай арнайы посттар әзірлеп, консерваторияның әлеуметтік желідегі парақшаларында жариялау.

Сайттың жаңалықтар бөліміне жаңа жүктемелер:

2023 жылдың қаңтар айынан желтоқсан айының соңына дейін conservatoire.edu.kz сайтының **ЖАҢАЛЫҚТАР** бөліміне 340-қа жуық өткізілген әртүрлі іс-шаралар туралы және хабарландыру мақсатындағы ақпараттар шығарылды.

2. Консерватория сайтының 24/7 тұрақты жұмыс жасауын қамтамасыз ету. Консерватория сайты (conservatoire.edu.kz) BITRIX жүйесінде «Hoster.KZ» компаниясында жасалған және хостинг қызметі мен техникалық қолдау қызметін осы компаниядан алып келе жатыр. Сайт жұмысының үздіксіз жалғасып отыруы үшін 2023 жылдың мамыр айында аталмыш қызмет шарттарын жаңартып, мерзімін ұзарту үшін келіссөздер жүргізіліп, келісім-шарт жаңа шарттармен кезекті бір жылға ұзартылды. Компаниямен бірлескен түрде сайттың құрылымы бойынша өзгертулер мен толықтырулар жасалып келеді. «Hoster.KZ»-пен 2023 жылда жасалған жұмыстардың негізгілері мыналар:

- Сайтымыздың тәулігіне 24 сағат жұмыс жасап тұруына жауап беретін серіктесіміз «Hoster.KZ» компаниясымен үнемі байланыста отырамыз. Сайт

жұмыс істемей қалған кездері (ондай сәттер бірнеше рет орын алды) серіктесімізбен хабарласып, дер кезінде өтініш түсіріп отырдық. Нәтижесінде сайт жұмысы қалпына келтіріліп отырды.

• **Консерваторияның ресми электрондық поштасы** (info@conservatoire.kz) сайтымызға тіркелгендіктен оның тұрақты жұмыс жасауы да вебсайттың үздіксіз жұмыс жасап тұруына тәуелді. Сондықтан почтамыздың қалтқысыз жұмыс жасауын қамтамасыз етіп отырамыз. Ресми почтамыздың жұмысының бұғатталуы консерваторияның кеңсе қызметінің (құжаттармен қамтамасыз ету бөлімі) жұмысына тұсау болады. Интернет жүйесіне тәуелді болғандықтан ондай жағдайлар да бірнеше рет орын алды. Серіктесіміз «**Hoster.KZ**» компаниясына дер кезінде хабарласып мәселені шешіп, почта қызметін қалпына келтіруді біздің бөлім қамтамасыз етіп келеді.

Сайтымыздың conservatoire.edu.kz домендік атауын қолдау қызметін «ҰАТ» АҚ-нан алып келдік. 2023 жылы бұл қызметтің «АСО» АҚ-на өтуіне байланысты домендік атауды қолдау қызметін алу үшін консерваториямыздың Мемлекеттік сатып алу секторымен бірлесе отырып «АСО» АҚ-мен келісімге отырып аталмыш қызметті 1 жылға ұзарттық. Жыл сайын қараша айында домендік атауды қолдау қызметін кезекті бір жылға созыдырып отырамыз.

2023-жылы сайтымызға техникалық қолдау көрсету қызметі бойынша «**Web-студия Maxima**» компаниясымен 1 жыл келісім-шарт жүзінде жұмыс жасалып, мынадай жұмыстар атқарылды.

- Сайтымыздың Бас панеліндегі әлеуметтік желілерге кіру тетігіне Tik-Tok желісін қостырдық;
- Компаниямен бірлескен түрде сайттың құрылымы бойынша кейбір өзгертулер мен толықтырулар жасалды;
- сайт режиміне, жағдайына байланысты кейбір өзгеріту жұмыстары (сайтты қаралы режимге түсіру, қайта шығару) жасалды.

3. Сайттың ҚҰРЫЛЫМЫ бөліміндегі (жаңа бөлім басшыларының резюмелері, факультеттер, оқу, оқу-әдістемелік бөлімі, кафедралар туралы ақпараттар және профессорлық-оқытушылар құрамының резюмелері), **АФИША, НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР, КОНКУРСТАР МЕН ФЕСТИВАЛЬДАР, КОНФЕРЕНЦИЯЛАР, САБАҚ КЕСТЕСІ, СЕССИЯ КЕСТЕСІ** сынды тағы да басқа бөлімдердегі ақпараттарға өзгертулер мен толықтырулар жыл бойы жасалып отырады.

4. Сарын журналымен жұмыс:

Консерватория сайтындағы Сарын журналына арналған арнайы бөліміне қажетті ақпараттарды енгізу. 2023 жылы аталмыш бөлімге 1000-нан аса ғылыми мақалалар орналастырылды. ҚР ҒЖБМ ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 25.01.2024 жылғы № 101 бұйрығымен Сарын журналы «Өнер және гуманитарлық ғылымдар» бағыты

бойынша ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізбесіне енді. Осындай нәтижеге қол жеткізу үшін бөлім қызметкерлерінің қосқан үлесі аз емес деп есептеймін.

II. ӘЛЕУМЕТТІК ПАРАҚШАЛАРМЕН ЖҰМЫС.

Консерватория сайтында 335 материал жарияланған болса сонымен қатар бұл ақпараттар **Фэйсбук** пен **Инстаграмдағы** ресми парақшаларымызға лайықталып ықшамдалып, фото-видео материалдармен қоса ұдайы жарияланып, олардың 2023 жылдағы саны **410-нан** асты. Өткен жылы консерваторияның **YouTube-тағы** ресми арнасына 20-дан аса видеоконтент (Онлайн концерттер, дәрістер мен шеберлік сыныптар) жүктелді. Консерватория ректоры атынан да әлеуметтік желілерге құттықтау, көңіл айту, пікір білдіру бағытында посттар әзірленіп келді.

III. ХАТТАРМЕН ЖҰМЫС ЖӘНЕ СЫРТҚЫ ӘРІШТЕСТЕРМЕН БАЙЛАНЫС

Жыл бойына ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінен түсіп жатқан хаттарға жауаптар әзірленіп, түрлі мерейтой иелері мен мемлекеттік мереке күндеріне ұжым басшысы атынан құттықтау хаттар әзірленіп, қазанама (некролог) және басқа да хаттардың мәтіндері дайындалып келеді. Консерватория ұстаздарының әртүрлі бұқаралық ақпарат құралдарында сұхбат беруіне, теле-радио бағдарламаларына, мәдени жобаларға қатысуына да ықпал етіп отырдық.

2024-жылға сайтымызға қосымша техникалық қолдау көрсету қызметі бойынша «Web-студия Maxiota» компаниясымен жыл соңына дейін келісім-шартқа отырдық.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

6. Ақпараттық саясат бөлімі жұмысының есебі бекітілсін.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

7. ТЫҢДАЛДЫ. Халықаралық бөлім басшысы Д.Д. Уразымбетовтың Халықаралық бөлім туралы Ережеге және қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарына енгізілетін өзгерістерді бекіту туралы баяндамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Д.Д. УРАЗЫМБЕТОВ – Халықаралық бөлім басшысы:

Қайырлы күн, құрметті ҒК төрағасы және мүшелері! Назарларыңызға Халықаралық бөлім туралы Ережеге және қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарына енгізілетін өзгерістерді ұсынамын.

Негізгі енгізілген өзгерістер:

1. Мемлекет басшысының Жарлығымен (Қазақстан Республикасының 01.09.2023 №318) Заңымен Мәдениет және спорт министрлігін Туризм және спорт министрлігіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ақпарат және әлеуметтік даму министрлігін Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігіне қайта құрулуы.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2023 жылғы 10 қарашадағы № 70 бұйрығына сәйкес Нұркен Нұрғалиұлы Әшіровтің «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ ректорының міндетін атқарушы болып тағайындалуы.

3. Халықаралық бөлім туралы Ереженің мазмұнына түзетулермен байланысты әрекеттерді қамтитын және қарастыратын тармақтар көбейтілуіне және регламенттің қорытынды бөлігіне байланысты 8 мен 9-бөлімдер қосылды.

4. Халықаралық бөлім туралы Ережеде қабылданған тұжырымдарды нақтылау және ұғымдарды кеңейту мақсатында 4-тармақ 7-тармаққа ауыстырылып, сол тармақта мемлекеттік органдардың атаулары мен нормативтік құжаттардың атаулары жаңартылды.

5. Халықаралық бөлімнің мазмұны мен функцияларын нақтырақ көрсету үшін бүкіл Ереженің бірқатар тармақтары қайта ресімделді.

Құрметті ҒК мүшелері, Халықаралық бөлім туралы Ережеге және қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарына енгізілген өзгерістерді бекітуді сұраймын.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

7. Халықаралық бөлім туралы Ережеге және қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарына енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

8. ТЫҢДАЛДЫ. Сапа менеджменті секторының басшысы А.С. Сарымсакованың Құрманғазы атындағы ҚҰК сайтының құрылымын оңтайландыру бойынша мониторинг жүргізу; бірегей және жоғары сапалы мазмұн мен навигацияны жаңарту және құру; техникалық ақауларды жою және функционалдылықты кеңейту туралы мәлімдемесі.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

А.С. САРЫМСаКОВА – Сапа менеджменті секторының басшысы:

Қайырлы күн, құрметті Төраға және ҒК мүшелері! Назарларыңызға Құрманғазы атындағы ҚҰК сайтының құрылымын оңтайландыру бойынша мониторинг жүргізу; бірегей және жоғары сапалы мазмұн мен навигацияны жаңарту және құру; техникалық ақауларды жою және функционалдылықты кеңейту туралы баяндаманы ұсынамын.

Веб-сайт құрылымын оңтайландыруға қатысты 2024 жылғы наурызда Консерватория сайтына жүргізілген мониторинг нәтижелері бойынша; бірегей

және жоғары сапалы мазмұн мен навигацияны жаңарту және құру; Сапа менеджменті секторы техникалық ақауларды жойып, функционалдық мүмкіндіктерін кеңейте отырып, сәйкессіздіктер тізімдерін жасады, барлық ұсыныстар проректорлармен, сайт пен ақпаратқа жауапты бөлім басшыларымен және ақпараттық саясат бөлімінің басшысымен келісілді. Ескертулерді жою мерзімі осы оқу жылының соңына дейін беріледі.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

8. Құрманғазы атындағы ҚҰК сайтының құрылымын оңтайландыру бойынша мониторинг жүргізу; бірегей және жоғары сапалы мазмұн мен навигацияны жаңарту және құру; техникалық ақауларды жою және функционалдылықты кеңейту туралы баяндамада көрсетілген барлық кемшіліктер бөлімдер тарапынан қолға алынсын және тез арада сайттың барлық парақшалары толықтырылсын.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

9. ТЫҢДАЛДЫ. Сапа менеджменті секторының басшысы А.С. Сарымсакованың «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы баяндамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

А.С. САРЫМСАКОВА – Сапа менеджменті секторының басшысы:

Назарларыңызға «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықты ұсынамын.

«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық 14 пункттан тұрады. Бұл құжат Консерваторияның білім беру сапасын ішкі және сыртқы қамтамасыз ету жүйелерін реттейтін нормалардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы қолданыстағы заңнамасына сәйкес және халықаралық ұйымдардың ұсынымдары мен сапаны қамтамасыз ету саласындағы стандарттарды ескере отырып, оқыту мен сабақ беру сапасын арттыруға арналған құралдардың жиынтығы болып табылады, яғни нұсқаулық Консерваторияның білім сапасын құрылымдық жағынан жақсартуға бағытталған. Онда білім мен инновацияның берік іргетасына негізделген елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша білім беру мақсаттарына сәйкес сапаны қамтамасыз етудің негізі болып табылады және сапалы білім беру қызметін жүргізуге барабар жағдайлар жасау және білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша барлық мүдделі тараптардың іс-қимылдарын шоғырландыру үшін бағдар ретінде қызмет етеді. Осы нұсқаулықты білім беру жүйесіне енгізу сапаны қамтамасыз ету жүйесінің нақты мақсаттары мен күтулеріне қатысты консенсусқа қол жеткізуді растайды.

Осы Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық, сондай-ақ оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды Консерватория ректоры бекітеді және олар бекітілгеннен кейін күшіне енеді.

Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықтың тармақтары орындалуы міндетті және нормативтік құжаттардың өзгеруіне, осы ережеде ескерілмеген жаңа қосымша шығыстардың пайда болуына байланысты өзгертілуі не толықтырылуы мүмкін.

Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықтың тармақтарын іске асыруда туындайтын өзге де мәселелер Консерваторияның жарғысына не Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

Нұсқаулық Консерваторияда білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша келісілген саясатты белгілейді, оны барлық мүдделі тараптар: басшылық, секторлар, бөлімдер мен бөлімшелер, оқытушылар, білім алушылар және Консерваторияның жұмыс берушілері міндетті түрде қабылдайды және сақтайды.

Сапаны қамтамасыз ету жүйесі Нұсқаулыққа, Ұлттық біліктілік шеңберіне, академиялық кредиттерге және білім алушылардың оқу жүктемесі көлемінің өзге де өлшемдеріне және танылған институттандырылған құрылымдарға негізделеді.

Сапаны қамтамасыз ету жүйесі Нұсқаулық негізінде консерваториядағы білім беру жүйесін жетілдіру мақсатына қызмет етеді.

Нұсқаулықтың бекітулері мынадай ережелер болып табылады:

1) Консерватория білім беру сапасы мен өз қызметінің сапасын қамтамасыз ету үшін негізгі жауапкершілікті өз мойнына алады, осы мақсатта сапаны Ішкі қамтамасыз ету жүйесі енгізіледі;

2) Сапаны қамтамасыз етудің өлшеу тетігі ЖОО-да да, өңірлік және ұлттық деңгейлерде де шешімдер қабылдау кезінде нақты деректерді ұсынуға бірдей бағытталған ішкі және сыртқы құралдар болып табылады;

3) Кез-келген деңгейде сапаны қамтамасыз ету жүйесі ішкі сапаны қамтамасыз етуден және сыртқы сапаны қамтамасыз етуден қалыптасады және өзара байланыс пен өзара әрекеттесетін саясаттардың, стандарттардың, білім беру сапасын басқару құралдары мен әдістерінің жиынтығы болып табылады.

4) Білім беру сапасы саласындағы саясат - білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі тұжырымдалған және бекітілген талаптар және білім беру мен білім беру қызметтерінің неғұрлым жоғары сапалы деңгейін қамтамасыз ету үшін білім беру ұйымын дамытудың басымдықтары, қағидаттары, бағыттары.

5) Білім беру сапасы саласындағы стандарттар-барлық мүдделі тараптардың (талапкерлер мен олардың ата-аналары, студенттер, ПОҚ, жұмыс берушілер, стейкхолдерлер) қажеттіліктері мен үміттерін қанағаттандыру мақсатында академиялық, тәрбиелік, зерттеу және басқа да процестердің жұмыс істеуі мен ұдайы жетілдірілуіне арналған қағидалар жиынтығы және оларды іске асыру критерийі сипатталатын ЖОО-ның құжаттары.

6) Саясат пен стандарттарда Консерватория қызметінің бағытына сәйкес келетін білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар көрсетіледі.

7) Сапаны қамтамасыз ету критерийлері -мүдделі тараптардың талаптарына сәйкес білім беру қызметінің (өнімінің), білім беру үдерісінің және ортасының сапасын өлшеу немесе бағалау үшін қолданылатын білім берудің сипаттамалары.

8) Білім беру сапасын қамтамасыз ету құралдары-бұл сапаны қамтамасыз ету стандарттары мен критерийлерінің, сондай-ақ индикаторлардың (көрсеткіштердің) және бақылау-өлшеу материалдарының жиынтығы.

9) Индикаторлар (көрсеткіштер) білім беру ұйымының сапаға қойылатын талаптарға қатысты қызметі туралы ақпарат береді және оның қызметін жақсартуға көмектеседі. Осыған байланысты индикаторлар (көрсеткіштер) үш функцияны орындайды: өлшейді, сигнал береді және сапа туралы істердің жай-күйін хабарлайды.

10) Білім беру тәжірибесінде өлшеу үшін сандық индикаторлар, сапалық индикаторлар, салым индикаторлары, үдеріс индикаторлары, нәтиже индикаторлары, бағыт индикаторлары, тиімділік индикаторлары, қаржылық индикаторлар, КРІ индикаторлары пайдаланылады.

11) Өлшенетін салаларға мыналар жатады: білім алушыларды қабылдау, академиялық жетістіктер (үлгерім) және білім алушыларды ілгерілету, олардың оқуын бітіруі, контингентті сақтау, білім алушыларды тарту, түлектер (өткен жылдар), оқу және (немесе) білім беру бағдарламалары, оқытушылар, профессор-оқытушылық құрам, қызметкерлер & HR, білім беру технологиялары, оқу және ғылыми зертханалар, жабдықтар, қаржылық көмек, гранттар мен зерттеулер, кітапхана, стратегиялық жоспарлау, оның ішінде академиялық стратегия, қанағаттану деңгейі, бизнеспен, басқа білім беру ұйымдарымен, қоғаммен байланыс.

Құрметті Төраға және ГК мүшелері, «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық құжатын бекітулеріңізді сұраймын.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

9. «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

10. ТЫҢДАЛДЫ. Сапа менеджменті секторының басшысы А.С. Сарымсакованың Ішкі сапаны қамтамасыз ету саясаты құжатын бекіту туралы баяндамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

А.С. САРЫМСАКОВА – Сапа менеджменті секторының басшысы:

Назарларыңызға Ішкі сапаны қамтамасыз ету саясаты құжатын ұсынамын.

Ішкі сапаны қамтамасыз ету саясаты құжаты 7 пункттен тұрады. Ішкі сапаны қамтамасыз ету саясаты (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасы Мәдениет

және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» республикалық мемлекеттік мекемесінде орнатылған (бұдан әрі – Консерватория) мәдениеттің үздіксіз сапасын жетілдіру және сапаны қамтамасыз ету бойынша жалпы тәсілдерді, түйінді принциптерді және негізгі механизмдерді көрсетеді. Саясат Консерваторияның сапа менеджменті жүйесіндегі (бұдан әрі – СМЖ) жұмыс жасау негізі болып табылады. Жүйе ішкі аудиттен, тұрақты жетілдіруден тұратын және Консерватория қызметінің барлық бағыттарында сапа мәдениетін дамытуды қолдайтын цикл болып табылады.

Саясат Консерваторияның дамыту стратегиясының (бағдарламасының) бөлігі болып табылады және сапа менеджменті жүйесін ұйымдастыру мәселелерін қозғайтын Консерваторияның басқа ішкі құжаттарымен бірге қарастырылады.

Саясат Консерватория сайттында көпшілікке қол жетімді.

Сапа саласындағы Саясат Консерваторияның 2019–2025 жылдарға арналған міндетті ісі мен стратегиясына (даму бағдарламасына) сәйкес әзірленді және Консерватория қызметінің негізгі бағыттарының сапасын қамтамасыз етуге және Қазақстан Республикасының инновациялық және әлеуметтік-экономикалық дамуының ұлттық бағдарламаларын іске асыруға бағытталған.

Сапа саласындағы Саясат құрылымдық бөлімшелер басшыларының, проректорлардың қатысуымен әзірленеді және Консерватория ректорының бұйрығымен бекітіледі.

Сапа саласындағы Саясат ЖОО-ның ресми сайтында үш тілде ілінеді.

Сапа саласындағы мақсаттар маңызды стратегиялық құжаттар болып табылады және сапа саласындағы Саясатқа сәйкес Консерваторияны дамытудың басым бағыттарына қол жеткізу бойынша нақты іс-шараларды (бірегей тұжырымдалған, оларды іске асыруға жұмсалатын ресурстар тұрғысынан есептелген қадамдық стратегиялық міндеттерді) айқындайды.

Сапа саласындағы мақсаттар иерархиялық құрылым болып табылады. Жоғары деңгейде бүкіл Консерваторияға қатысты мақсаттар бар. Содан кейін ЖОО-ның әкімшілік құрылымдық бөлімшелері (ұйымдық бірліктер), деканаттар мен кафедралар деңгейіндегі сапа саласындағы мақсаттар орындалады.

Сапа саласындағы мақсаттарды Консерваторияның барлық құрылымдық бөлімшелері жыл сайын оқу немесе күнтізбелік жылға (ағымдағы стратегия мен жұмыс жоспарына байланысты) әзірлейді. Барлық құрылымдық бөлімшелердің стратегиясы мен жоспарлары негізінде Консерваторияның сапа саласындағы мақсаттары әзірленеді.

Барлық әзірленген құжаттар құрылымдық бөлімшелердің істер номенклатурасында, сондай-ақ Консерваторияның сайтында тиісті бөлімдерде болуы тиіс.

Құрметті Төраға және ҒК мүшелері, Ішкі сапаны қамтамасыз ету саясаты құжатын бекітулеріңізді сұраймын.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

10. Ішкі сапаны қамтамасыз ету саясаты құжаты бекітілсін.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

11. ТЫҢДАЛДЫ. Сапа менеджменті секторының басшысы А.С. Сарымсақованың Құрманғазы атындағы ҚҰК 2024 жылға арналған сапа саласындағы мақсаттарды бекіту туралы баяндамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

А.С. САРЫМСАКОВА – Сапа менеджменті секторының басшысы:

Назарларыңызға Құрманғазы атындағы ҚҰК 2024 жылға арналған сапа саласындағы мақсаттарды ұсынамын.

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының даму бағдарламасында көрсетілген әр бір 7 стратегиялық бағыттар бойынша 2024 жылға арналған сапа саласындағы мақсаттар ұсынылып отырған құжатта көрсетілген. Сіздер бұл құжатпен танысып шықтыңыздар.

Құрметті Төраға және ҒК мүшелері, 2024 жылға арналған сапа саласындағы мақсаттар құжатын бекітулеріңізді сұраймын.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

11. Құрманғазы атындағы ҚҰК 2024 жылға арналған сапа саласындағы мақсаттар бекітілсін.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

12. ТЫҢДАЛДЫ. ЖОО ПОҚ ғылыми еңбектерін баспаға ұсыну туралы:

12.1 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы «Өнер» бағыты бойынша Оқу-әдістемелік бірлестік – Жобаларды басқару тобы (ОӘБ – ЖБТ) грифін иелену үшін «Музыкатану» және «Композиция» Білім беру бағдарламалары бойынша дайындалған Виталий Александрович Шапилов пен оқытушы Шерхан Мухамбетжанович Мухамбетжановтардың «Екі дауыстылықтағы күрделі контрапункт. Практикалық жұмыстар. Сложный контрапункт в двухголосии. Практические работы» атты электронды оқу құралын талқылау және баспаға ұсыну туралы (*М.Т. Койлыбаева, «Музыкатану және композиция» кафедрасының меңгерушісі*).

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

М.Т. КОЙЛЫБАЕВА – «Музыкатану және композиция» кафедрасының меңгерушісі:

Қайырлы күн, құрметті Ғылыми кеңес төрағасы және кеңес мүшелері! Назарларыңызға кафедрамыздың оқытушылары: доцент Виталий Александрович

Шапилов пен оқытушы Шерхан Мухамбетжанович Мухамбетжановтардың «Екі дауыстылықтағы күрделі контрапункт. Практикалық жұмыстар. Сложный контрапункт в двухголосии. Практические работы» атты электронды оқу құралын ұсынамын.

Оқу құралына пікір жазғандар: Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Музыкатану, арт-менеджмент, әлеуметтік және гуманитарлық пәндер» факультеті «Музыкатану және композиция» кафедрасының доценті, философия докторы (PhD) Айжан Рахманқұлқызы Бердібай; «Вокал, дирижерлау және музыкалық білім беру» факультетінің деканы, Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы, қауымдастырылған профессор, өнертану ғылымдарының кандидаты Айзада Сайфуллаевна Нусупова; Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті «Музыка» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, өнертану ғылымдарының кандидаты Ажар Толықбайқызы Айтуарова.

Доцент Виталий Александрович Шапилов пен оқытушы Шерхан Мухамбетжанович Мухамбетжановтардың «Екі дауыстылықтағы күрделі контрапункт. Практикалық жұмыстар. Сложный контрапункт в двухголосии. Практические работы» атты электрондық оқу құралы «Музыкатану және композиция» кафедрасының мәжілісімен (№ 08 хаттама, 23 ақпан 2024 ж.), «Музыкатану, арт-менеджмент, әлеуметтік және гуманитарлық пәндер» факультетінің Әдістемелік кеңесімен (№ 05 хаттама, 14 наурыз 2024 ж.) және «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» Оқу-әдістемелік кеңесінің сараптамасынан өткен (№ 05 хаттама, 26 наурыз 2024 ж.).

Аталған электрондық оқу құралының негізгі құрылымы мен мазмұны «Музыкатану» және «Композиция» мамандықтарының ПОӘК (Syllabus) 6B02114 – «Музыкатану (түрлері бойынша)», «6B02111 – «Композиция» Оқу бағдарламалары бойынша орындалған.

Құрметті Ғылыми кеңес мүшелері! Виталий Александрович Шапилов пен оқытушы Шерхан Мухамбетжанович Мухамбетжановтардың «Екі дауыстылықтағы күрделі контрапункт. Практикалық жұмыстар. Сложный контрапункт в двухголосии. Практические работы» атты электрондық оқу құралына қолдау көрсетулеріңізді сұраймын.

Г. Ж. МУСАГУЛОВА – «Музыкатану, арт-менеджмент, әлеуметтік және гуманитарлық пәндер» факультетінің деканы:

Құрметті Ғылыми кеңес мүшелері! Ұсынылған электрондық оқу құралының қолжазбасы В.А. Шапиловтың ұзақ жылдар бойы жүргізіп келе жатқан «Полифония» пәннің бастауыш бөлігі болып табылады. Қазақ және орыс тілдерінде дайындалған бұл электрондық оқу құралы жоғары музыкалық білім алатын студенттерге арналған. Электрондық технологияларды жетік меңгерген кәсіби біліктілігі жоғары маман В.А. Шапилов электрондық оқу құралын Оқу бағдарламаларына сәйкес құрастырып, мәтінді қазақ тіліне Ш.М. Мухамбетжанов аударған. Анық та қысқа және түсінікті тілмен жазылған

электрондық оқу құралының мазмұны білім алушылардың өз бетінше үй тапсырмаларын орындағанда көмектеседі.

Доцент Виталий Александрович Шапилов пен оқытушы Шерхан Мухамбетжанович Мухамбетжановтардың «Екі дауыстылықтағы күрделі контрапункт. Практикалық жұмыстар. Сложный контрапункт в двухголосии. Практические работы» атты электрондық оқу құралын Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы «Өнер» бағыты бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігінің талқылауынан өтуге қолдау көрсетулеріңізді сұраймын.

Б.А. ЖАМАНБАЕВ – «Дирижерлеу» кафедрасының меңгерушісі, ҚР Халық артисі, профессор (БҒСБК):

Бұл оқу құралы тек «Музыкатану» және «Композиция» мамандықтары үшін арналған бе, әлде басқа Оқу бағдарламаларына да керекті оқулықпа?

М.Т. КОЙЛЫБАЕВА – «Музыкатану және композиция» кафедрасының меңгерушісі:

«Полифония» пәні дәстүрлі түрде кәсіби музыкалық білімнің міндетті бөлігі болып саналады. Полифониялық есту қабілетсіз полифониялық, сондай-ақ ансамбльдік және оркестрлік музыканы орындау мүмкін емес. Оны үнемі дамыту қажет. Сондықтан барлық орындаушы-музыканттарға бұл пән міндетті түрде жүргізіледі. «Композиция» мамандығының студенттері полифонияны күрделі полифониялық текстурасы бар шығармаларды құрастыра білуді меңгеру үшін, ал «Музыкатану» мамандығының студенттері полифонияны көп дауысты шығармаларды талдап, олардың құрылымдық ерекшеліктері мен мазмұнын түсіну үшін зерттейді. Осылайша, бұл электронды оқу құралын «Музыкатану», «Композиция», «Аспаптық орындаушылық», «Дирижерлеу», «Вокалдық өнер» және «Дәстүрлі музыка өнері» Білім беру бағдарламалары бойынша барлық мамандықтардың студенттеріне ұсынуға болады.

Д.Е. МАХМУД – «Аспаптық орындаушылық» факультетінің деканы, доцент, философия докторы (PhD):

«Екі дауыстылықтағы күрделі контрапункт. Практикалық жұмыстар. Сложный контрапункт в двухголосии. Практические работы» электрондық оқу құралының жаңалығы неде? Оқытушылар мен білім алушылар үшін оқулық қаншалықты тиімді және апробациядан өттіме?

М.Т. КОЙЛЫБАЕВА – «Музыкатану және композиция» кафедрасының меңгерушісі:

Бұл электрондық оқу құралы практикалық бағыттағы оқулық саналады, ол «Полифония» пәні бойынша жазба жұмыстарын орындауға және әдістемелерін меңгеруге көмектеседі. Оның көмегімен оқытушы практикалық тапсырмаларды түсіндіру үдерісінде уақытын айтарлықтай үнемдейді. Оқулықта келтірілген

нұсқаулықтардағы барлық тапсырмалар, ноталық музыка және бейнематериалдар соңғы бірнеше жылда оқу үдерісінде автор «Музыкатану» және «Композиция» мамандықтары бойынша «Полифония» курстарында сынақтан өткен. Бейнематериалдар студенттердің қызығушылығын оятып, оқу үдерісін жан-жақты және тиімді етеді.

С.М. МЕДЕУБАЕВА – «Ансамбль өнері» кафедрасының меңгерушісі, профессор:

Бұл оқулықты компьютерге орнату керек пе, яғни оны пайдалану ыңғайлы ма немесе арнайы бағдарламаларды орнату талап етілеме?

М.Т. КОЙЛЫБАЕВА – «Музыкатану және композиция» кафедрасының меңгерушісі:

Бұл электрондық оқу құралы CD-дискіде таратылады, ол үшін компьютерде ықшам диск жетегі қажет. Оқулықты компьютерге орнатудың қажеті жоқ, яғни CD-дискті ашып пайдалануға болады. Немесе дискідегі файлдарды компьютерге көшіріп қоюға да болады, ол көшіруден қорғалмаған. Авторлар оқулықтың CD-дискіден емес компьютерге жүктеп пайдалағанды кеңес береді. Осылайша ол тезірек жұмыс істейді. Оқулықтады бейне және мәтіндік материалдарды көшіріп ұялы телефонға жіберуге болады, яғни көшіруге шектеу қойылмаған.

Н.Н. АШИРОВ – Ғылыми кеңес төрағасы, ректордың м. у. а., ҚР еңбек сіңірген қайраткері:

Құрметті ҒК мүшелері «двухголосие» деген сөздің ауыдармасы «екі дауыстылық» деп берілген. Бірақ бұл тікелей ауыдарылған сияқты. Осы сөзді «қосдауыстылық» деп берсе деген ұсыныс білдіремін.

А.Ұ. КҮЗЕУБАЙ – «Халық әні» кафедрасының меңгерушісі, доцент, философия докторы (PhD):

«Қосдауыстылық» деп берген дұрыс. Көп музыкалық әдебиеттерде осылай айтылады, «екі дауыстылық» деген көбірек қазақ тілінде екі қатарынан келген дауысты әріптерді түсініп қалу мүмкін.

Н.Н. АШИРОВ – Ғылыми кеңес төрағасы, ректордың м. у. а., ҚР еңбек сіңірген қайраткері:

Барлықтарыңызға үлкен рахмет. Басқа сұрақтарыңыз болмаса, доцент Виталий Александрович Шапилов пен оқытушы Шерхан Мухамбетжанович Мухамбетжановтардың «Музыкатану» және «Композиция» Білім беру бағдарламалары бойынша дайындалған «Екі дауыстылықтағы күрделі контрапункт. Практикалық жұмыстар. Сложный контрапункт в двухголосии. Практические работы» атты электрондық оқу құралының атауы «Қосдауыстылықтағы күрделі контрапункт. Практикалық жұмыстар. Сложный контрапункт в двухголосии. Практические работы» деп берілуіне және оны ҚР

ҒЖЖБМ Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы «Өнер» бағыты бойынша Оқу-әдістемелік бірлестік – Жобаларды басқару тобы (ОӘБ – ЖБТ) грифін алуға ұсынуды дауысқа саламыз.

ДАУЫС БЕРУ ЖҮРІП ЖАТЫР.

Н.Н. АШИРОВ – Ғылыми кеңес төрағасы, ректордың м. у. а., ҚР еңбек сіңірген қайраткері:

Доцент Виталий Александрович Шапилов пен оқытушы Шерхан Мухамбетжанович Мухамбетжановтардың «Екі дауыстылықтағы күрделі контрапункт. Практикалық жұмыстар. Сложный контрапункт в двухголосии. Практические работы» атты электрондық оқу құралы «Қосдауыстылықтағы күрделі контрапункт. Практикалық жұмыстар. Сложный контрапункт в двухголосии. Практические работы» атауына ауыстырылу және баспаға ұсынылуы бойынша дауыс берудің нәтижесі:

Қатысқандар Ғылыми кеңес мүшелері: 25

Таратылған бюллетендер саны: 25

Таратылмаған бюллетендер саны: 3

«Қолдағандар» – 25 дауыс.

«Қарсы» – жоқ.

«Қалыс қалғандар» – жоқ.

Шешім бір дауыспен қабылданды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

12.1 «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ Ғылыми кеңесі «Музыкатану, арт-менеджмент, әлеуметтік және гуманитарлық пәндер» факультеті «Музыкатану және композиция» кафедрасының оқытушылары: доцент Виталий Александрович Шапилов пен оқытушы Шерхан Мухамбетжанович Мухамбетжановтардың «Музыкатану» және «Композиция» Білім беру бағдарламалары бойынша дайындалған «Екі дауыстылықтағы күрделі контрапункт. Практикалық жұмыстар. Сложный контрапункт в двухголосии. Практические работы» атты электрондық оқу құралы жөнінде келесі шешімдерді бекітеді:

1) «Екі дауыстылықтағы күрделі контрапункт. Практикалық жұмыстар. Сложный контрапункт в двухголосии. Практические работы» атты электрондық оқу құралы «Қосдауыстылықтағы күрделі контрапункт. Практикалық жұмыстар. Сложный контрапункт в двухголосии. Практические работы» атауына өзгертілсін;

2) баспадан шығаруға ұсынылсын;

3) «Қосдауыстылықтағы күрделі контрапункт. Практикалық жұмыстар. Сложный контрапункт в двухголосии. Практические работы» («Полифония» пәні

бойынша қазақ және орыс тілдерінде) атты электрондық оқу құралы ҚР ҒЖБМ Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы «Өнер» бағыты бойынша ОӘБ – ЖБТ грифін алуға ұсынылсын.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

12.2. «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ Ғылыми кеңесі «Музыкатану, арт-менеджмент, әлеуметтік және гуманитарлық пәндер» факультеті «Музыкатану және композиция» кафедрасының доценті Алия Султанмуратовна Сабированың «Әлем халықтарының музыкасы» атты оқулығы жөнінде келесі шешімді бекітеді:

1) «Әлем халықтарының музыкасы» атты оқулығының 24 сәуір 2024 жылғы Ғылыми кеңеске ұсынылған нұсқасы мазмұнындағы кемшіліктерге байланысты «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ грифімен баспадан шығаруға жарамайды;

2) автор осыған орай, оқулыққа қатысты көрсетілген барлық кемшіліктерді жоюы, оның мазмұнын қайта қарап, толықтыруы және келесі Ғылыми кеңеске қайта талқылау үшін ұсынуы тиіс.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

12.3 «Аспаптық орындаушылық» факультетінің оқытушылары: А.С. Бекенова – доцент, философия докторы (PhD); Д.Е. Махмуд – доцент, философия докторы (PhD); М.В. Иванова – аға оқытушылардың «Орындаушылық өнер: дәстүрлер мен қазіргі заман» атты Халықаралық дөңгелек үстел материалдарының жинағын талқылау және баспаға ұсыну туралы (Д.Е. Махмуд, «Аспаптық орындаушылық» факультеті деканының м.у.а.).

ТЫҢДАЛДЫ: **12.3** «Аспаптық орындаушылық» факультеті деканының м.у.а. Д.Е. Махмудтың ұсынылып жатқан жинақ бойынша мәлімдемесі.

Д.Е. Махмуд жинаққа берілген ішкі және сыртқы пікірлерді ұсынды. Олар: Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Музыкатану, арт-менеджмент, әлеуметтік және гуманитарлық пәндер» факультеті «Музыкатану және композиция» кафедрасының меңгерушісі доцент, философия докторы (PhD) М.Т. Койлыбаева (ішкі пікір) және Карол Липински атындағы музыка академиясының профессоры, өнертану ғылымдарының докторы Рышард Жолендзевский (сыртқы пікір). Жинаққа 2024 жылдың 11 сәуірінде Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 80 жылдығына арналған «Аспаптық орындаушылық» факультетінде өткен халықаралық дөңгелек үстелдің материалдары енгізілгені; басылым аспаптық орындаушылық өнер (орындаушылық, педагогикалық, ғылыми, композиторлық шығармашылық) аясында қозғалған түрлі өзекті құбылыстарды түсінуге бағытталған көптеген мәселелерді қамтитын мақалалардан тұратыны; ұсынылған материалдар

музыканттардың-орындаушылардың, студенттердің, магистранттардың, докторанттардың, музыкатанушылардың және музыка әуесқойларының кең аудиториясына арналғаны туралы баяндама жасады.

Жинаққа «Ансамбль өнері» кафедрасының меңгерушісі – С.М. Медеубаева; ғылыми-шығармашылық және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректор – Г.З. Бегембетова; «Музыкатану және композиция» кафедрасының профессоры – С.И. Утегалиевалар оң пікірлерін білдірді.

Ғылыми кеңестің А.С. Бекенова, Д.Е. Махмуд, М.В. Ивановалардың «Орындаушылық өнер: дәстүрлер мен қазіргі заман» атты Халықаралық дөңгелек үстел материалдарының жинағын баспадан шығаруға ұсынылуы бойынша дауыс берудің нәтижесі: «жақтап» дауыс бергені – 25 адам; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғаны» – жоқ. Шешім бір дауыспен: 100 % құрады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

12.3 «Аспаптық орындаушылық» факультетінің оқытушылары: А.С. Бекенова – доцент, философия докторы (PhD); Д.Е. Махмуд – доцент, философия докторы (PhD); М.В. Иванова – аға оқытушылардың «Орындаушылық өнер: дәстүрлер мен қазіргі заман» атты Халықаралық дөңгелек үстел материалдарының жинағы баспадан шығаруға ұсынылсын.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

ТЫНДАЛДЫ: 13. «Дирижерлеу» кафедрасының меңгерушісі Б.А. Жаманбаев доцент Галимжан Карибжанович Берекешевтің негіздеме қорытындысын ұсынды (хаттамаға қоса тіркелді).

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Б.А. ЖАМАНБАЕВ – «Дирижерлеу» кафедрасының меңгерушісі:

Құрметті Ғылыми кеңес төрағасы және кеңес мүшелері!

Кафедра меңгерушісі Галимжан Карибжанович Берекешевтің 25 жылдан астам Консерваторияда жұмыс істеп келе жатқаны, оның өте жоғары деңгейдегі ұстаз екендігі және осы уақыт аралығында студенттерінің халықаралық және республикалық байқауларда қатысып лауреат атанғандары туралы айтып өтті.

«Дирижерлеу» кафедрасының негіздеме қорытындысы, кафедра мәжілісінің хаттамасынан үзінді негізінде (№ 13 хаттама, 18 мамыр 2023 ж.) және Ғылыми кеңестің Галимжан Карибжанович Берекешевті «Профессор» лауазымына ұсынылуы бойынша дауыс берудің нәтижесі: «жақтап» дауыс бергені – 22 адам; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғаны» – 1 адам. Шешім: 96 % құрады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

13. «Вокал, дирижерлеу және музыкалық білім беру» факультеті

«Дирижерлеу» кафедрасының доценті Галимжан Карибжанович Берекешев «Профессор» лауазымына тағайындалсын.

14. ТЫҢДАЛДЫ. Әртүрлі. 14.1 Ғылыми кеңес төрағасы, ректордың м. у. а. Н.Н. Ашировтың Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессор-оқытушылық құрамы мен қызметкерлерін Мемлекеттік наградаларына ұсыну туралы мәлімдемесі.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Н.Н. АШИРОВ – Ғылыми кеңес төрағасы, ректордың м. у. а., ҚР еңбек сіңірген қайраткері:

«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ Қазақстан Республикасының мәдениетін, өнерін, рухани әлеуетін дамытуға қосқан елеулі үлесі мен сіңірген зор еңбектері үшін келесі профессор-оқытушылық құрамын Мемлекеттік наградаларына ұсынады:

«Барыс» орденіне

1. Жаманбаев Базарғали Ажиевич – Қазақ ССР-інің халық артисі, «Парасат» ордені, «Құрмет» ордені, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Мемлекеттік стипендия иегері, «Вокал, дирижерлеу және музыкалық білім беру» факультеті «Дирижерлеу» кафедрасының меңгерушісі, профессор;

«Құрмет» орденіне

2. Токжанов Тулепберген Торахметович – «Халық музыкасы» факультетінің деканы, профессор;

«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағына

3. Скаков Ермек Жанатаевич – Ректор аппараты қызметінің басшысы, «Халық музыкасы» факультеті «Домбыра» кафедрасының оқытушысы;

4. Курманаев Ермек Маликович – «Аспаптық орындаушылық» факультеті «Ішекті аспаптар» кафедрасының аға оқытушысы.

Ұсынылған кандидаттар туралы ақпараттарды факультет декандары ұсынады.

А.С. НУСУПОВА – «Вокал, дирижерлеу және музыкалық білім беру» факультетінің деканы:

Базарғали Ажиевич Жаманбаев – қазақстандық және советодағының дирижері, хормейстер, Қазақстанның Халық әртісі, Қазақстанның мемлекеттік сыйлығының иегері, профессор.

Б. Жаманбаев 1942 жылы 9 қаңтарда Ақтөбе облысы, Шалқар қаласында туған. 1966 жылы Римский-Корсаков атындағы Ленинград мемлекеттік консерваториясын бітірген. 1978-1979 жылдары София опера театрында (Болгария) тәжірибеден өтті. 1967 жылы Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік Академиялық опера және балет театрында хормейстер, дирижерлік қызметтерін атқарған, 1986-1994 жылдар аралығында театр

директоры қызметінде жұмыс істеген. Театрда 50-ден астам спектакль қоюға қатысқан.

1967 жылдан бастап Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында ұстаздық етіп келеді. 2000 жылдан қазіргі күнге дейін Консерватория «Дирижерлеу» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарады.

Б. Жаманбаев Ғ. Жұбанованың «Еңлік-Кебек», «Жиырма сегіз», Е. Рахмадиевтің «Абылай хан» операларының премьераларын қоса алғанда, шетелдік және қазақстандық композиторлардың 20-дан астам опералық қойылымдарын қойды, хор дирижерларына арналған «Таңғы этюдтер» атты жобаның авторы.

Маэстроның көптеген студенттер мен магистранттары республиканың және шетелдің жетекші музыкалық мекемелерінде қазіргі күнде табысты жұмыс істеп келеді. Олардың ішінде М. Ахмадиев, Л. Айдарбекова, С. Бәйтерекөв, Б. Рахымжанов, А. Мұхитдинов, А. Оразғалиев, М. Әмзе, Т. Алагузов, А. Торыбаев, А. Ыдырысов, Ю. Рудковскийларды ерекше атап өткен жөн.

Бүгінде Б. Жаманбаев жас талантты әншілер – Жұпар Ғабдуллина, Жәмила Баспақова, Халид Нұралиев, Дина Хамзина, Жадра Аманова, Б. Беркенов және т.б. әріптестерімен бірге жұмыс істеп жастарды өнер жолында тәрбиелеп келеді.

Б. Жаманбаев келесі Мемлекеттік наградалармен марапатталған: Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген әртісі (1980); «Қазақ ССР-інің халық артисі» (1990); «Құрмет» ордені (2004); Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы (2006); «Парасат» ордені (2018); «Алтын Барыс» төсбелгісі Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хаты (2019); «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» және «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» төс белгілері; Қазақстан Республикасының мемлекеттік медальдары мен грамоталары.

Д.А. НУРБАЕВА – «Домбыра» кафедрасының меңгерушісі:

Тулепберген Торахметович Токжанов Құрманғазы атындағы Алматы Мемлекеттік консерваториясында ҚР еңбек сіңірген қызметкері, профессор Айтжан Токтаған және ҚР еңбек сіңірген қайраткері, профессор Айтқали Жайымовтың класында домбыра мамандығы бойынша білім алды.

Студенттік жылдардың өзінде-ақ Т. Токжанов көптеген Мемлекеттік концерттерге қатысып, ІІ-ші Құрманғазы атындағы республикалық конкурстың лауреаты атанды.

Тулепберген Торахметович Токжанов бірнеше республикалық және халықаралық конкурстардың лауреаты. ҚР композиторлар одағының, ҚР авторлар қоғамының және ҚР күйшілер одағының мүшесі. Домбыраға арналған шығармалары мен күйлері республикалық конкурстарда орындалып жүр. Республикамыздың көптеген қалаларында жеке концерттері мен шығармашылық кештері және шеберлік-кластарын өткізіп жүр. 1, 2, 3, 4, 5 кластарға арналған «МУЗЫКА» оқулығының авторларының бірі.

Сыр бойының музыкалық мұраларын елімізде алғашқы болып нотаға түсіріп, бірнеше музыкалық-этнографиялық жинақтар мен отызға жуық оқу құралдарын шығарған танымал ғалым. Жүзден аса ғылыми-публицистикалық мақалалары жарық көрген. Халықаралық ғылыми-конференциялардың материалдарына мақалалары жиі шығып тұрады. Шәкірттері республикалық, халықаралық конкурстардың лауреаттары.

Тулепберген Токжанов – профессор, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының Халық музыкасы факультетінің деканы. Ол шәкірттердің таңдаулы қасиеттерін айқындап, дамыта алатын сергек, зейінді педагог. Оның педагогикасына әрбір оқушымен жеке тіл табыса білу тән. Оның түлектері дүркін-дүркін беделді Халықаралық және Республикалық байқаулардың лауреаттары және дипломанттары.

Қоғамдық: «Қазақ өнерінің қайраткері», «Құрманғазы», «Әлшекей», «Алпамыс батыр» медальдарымен марапатталған.

Т.Т. ТОКЖАНОВ – «Халық музыкасы» факультетінің деканы:

Ермек Жанатаевич Скаков Алматы қаласындағы П.И. Чайковский атындағы саз колледжін домбыра-прима, жеке орындаушы және оқытушы мамандығы бойынша (1998-2002 жж.), Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясын домбыра-прима, шертер мамандығы бойынша (2002-2006 жж.) бітірген. 2018 жылы Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономика университеті (НАРХОЗ) Менеджмент мамандығы бойынша дәріс алған. 2023 жылы Т.Жүргенов атындағы өнер академиясын «Арт-менеджмент» мамандығы бойынша магистратурасын аяқтаған.

Қызметтік жолы: Н.Тлендиев атындағы Академиялық фольклорлы-этнографиялық «Отырар сазы» оркестрінің артисі (2003-2007 жж.), Жамбыл атындағы Қазақ Мемлекеттік филармониясының гастрольді-концерттік бөлімінің аға менеджері (2009-2012 жж.), Құрманғазы атындағы Мемлекеттік Академиялық халық аспаптар оркестрінің артисі (2007-2018 жж.). Е.Ж. Скаков – Өнер саласында жұмыс өтілі 20 жыл.

Студенттік жылдары Е. Скаков көптеген Мемлекеттік концерттерге қатысқан, көптеген Республикалық байқауларының лауреаты: XXIII Республикалық байқауының лауреаты (2002 ж.. №256-02), А. Петренко атындағы Халықаралық байқауының лауреаты (I орын, 2002 ж.).

Мәдениет саласына қосқан үлесі өте зор. Көптеген шет елдерде Қазақстанның мәдениет күндерінде, атап айтқанда Швейцария, АҚШ, Ресей, Қытай, Германия, Австрия, Болгария, Турция, Испания, Чехия, Словения, Франция, Венгрия, басқа да Қазақстанның көптеген қалаларында концерттік-гастрольдік іс-сапармен барып өнер көрсетті.

Жамбыл атындағы Қазақ Мемлекеттік филармониясында менеджер қызметі бойынша тәжірибесі мол. Көптеген шет елдерден келген қонақтардың концерттерін жоғары деңгейде өткізді. Филармонияның ұжымдарының іс-

сапарлары бойынша жұмыстар жүргізілді. Ұйымдар арасындағы келіссөздер жүргізіп отырған. Концерттер мен байқаулардың жарнамасын жасаған.

Соңғы бес жылда Е. Скаков Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының ректоры аппаратының басшысы ретінде қызмет етіп, ЖОО әкімшілігінің консерваторияның беделін арттыру, ЖОО-ның даму саясаты мен стратегиясын әзірлеу және іске асыру, жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелердің жұмыс жоспарларының орындалуын бақылау жөніндегі жұмыстарды атқарды. Жоғары кәсіби жұмыс деңгейі үшін Е.Скаков ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен (2020 ж.) марапатталды.

Қазіргі уақытта Е. Ж. Скаков «Дәстүрлі музыкалық өнер» мамандығының студенттері үшін «Нота оқу және оркестрлік қиындықтар» және «Фольклорлық ансамбль» пәндерінің оқытушысы ретінде қатар жұмыс жүргізуде. Қорытынды емтихандарда студенттер оқу үлгерімінің жоғары рейтингісін және оқытудың сапалы жағын көрсетіп келеді. Е. Скаков еңбек еткен жылдары ұстаз ретінде маңызды және қажетті қасиеттерді көрсетті: кәсіби көзқарас, аналитикалық қабілеттер, жауапкершілік, т.б.

2018 жылдан бастап Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында жұмыс істейді.

Д.Е. МАХМУД – «Аспаптық орындаушылық» факультетінің деканы, доцент, философия докторы (PhD):

Ермек Маликович Курманаев – 1986 жылы К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық арнайы музыкалық мектеп-интернатқа Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген педагогы Е.Н. Луценконың (Алматы қ., ҚР) виолончель сыныбы бойынша, оқуға түсті.

1994 жылы Мәскеу жасөспірімдер Ассамблеясына қатысқаннан кейін ол Ресейдің Гнесин атындағы арнайы орта музыкалық мектебіне Ресейдің еңбек сіңірген педагогы, доцент В.М. Биринаның класына (Мәскеу қ., РФ), содан кейін 1999 жылы Гнесиндер ат. Ресей музыка академиясына көрнекті виолончелист, профессор, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, КСРО Халық әртісі, Мстислав Ростроповичтің сүйікті шәкірті Наталья Николаевна Шаховскаяның класына шақырылды, сондықтан Ермек Курманаев ұлы музыканттың шығармашылық немересі болып келеді. 2007 жылы әлемдегі ең үздік жоғары оқу орындарының бірі, П. Чайковский ат. Мәскеу мемлекеттік консерваториясының аспирантурасын профессор Н.Н. Шаховскаяның сыныбынан бітірді.

2003 жылы Ермек Курманаев Америка Құрама Штаттарында тағылымдамадан өтті, онда халықаралық мәдени алмасу қорының аудио-іріктеу нәтижелері бойынша шақырылды, 2001 жылдан бастап П.И. Чайковский ат. Мәскеу мемлекеттік консерваториясының аспирантурасын бітіргенге дейін оның стипендиаты болған Ермек Курманаев отанында концерттік және педагогикалық қызметпен айналыса бастады. 2004 жылы виолончелист Ермек Курманаев Құрманғазы ат. Қазақ ұлттық консерваториясына «Ішекті аспаптар» кафедрасына

оқытушылыққа шақырылып, ең жас педагогы атанды. Сол жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінен Жамбыл ат. Қазақ мемлекеттік филармониясының солисі болуға шақыру алды. 2011 жылы еліміздің үздік мектебі – жас таланттар фабрикасы К. Байсейітова ат. дарынды балаларға арналған Республикалық арнайы музыкалық мектеп-интернатқа педагог ретінде шақырылды. 2014-2022 жылдары Астана қаласының Қазақ ұлттық өнер университетінде жемісті еңбек етті. 2022 жылы консерваторияға оралды. Қазіргі уақытта «Ішекті аспаптар» кафедрасының аға оқытушысы болып жұмыс істейді.

Аға оқытушы Ермек Курманаев бірқатар халықаралық және республикалық байқаулардың жеңімпазы. 1993 ж. 1-турда міндетті этюдті үздік орындағаны үшін 2-дәрежелі лауреат атағын және Құрмет грамотасын алды. 1 Орта Азия мен Қазақстанның республикааралық конкурсының, 1994 ж. А.

Жұбанов ат. 1 халықаралық фестивальдің жеңімпазы болды (Қазақстан). 1996 ж. халықаралық виолончель байқауының жеңімпазы. (Австрия). 1997 ж. Вилькомир Касемирі ат. 3 виолончелист жастар байқауының 2 дәрежелі лауреат атағы. (Польша). Халықаралық конкурстың 3 дәрежелі лауреаты атағы (Молдова Республикасы). 1999 ж. «Шабыт-мыңжылдық» республикалық шығармашылық жастар фестивалінің жеңімпазы (Қазақстан). 2002 ж. 1 дәрежелі халықаралық мәдени алмасу Қорының стипендиаты (Ресей). 3 дәрежелі лауреат атағы. С. Танеев ат. Бірінші Халықаралық камералық ансамбльдер байқауы. (Ресей). 2005 ж. 2 дәрежелі лауреат атағы deKichompre (Франция) ішекті аспаптарда орындаушылардың халықаралық байқауы. 2008 ж. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Қорының мәдениет және өнер саласындағы лауреаты. Құрманғазы ат. Қазақ ұлттық консерваториясының халықаралық конкурстардың лауреаттарын тәрбиелеу және жемісті жұмысы үшін және П.И. Чайковский атындағы музыка фестиваліне қатысқаны үшін Жамбыл ат. Қазақ мемлекеттік филармониясының алғыс хаттары. 2009 ж. Л. Бетховен халықаралық фестиваль дипломы. (Австрия). С. С. Прокофьевтің музыка фестиваліне қатысқаны үшін Жамбыл Қазақ мемлекеттік филармониясының алғыс хаты. Конкурс лауреаттарын кәсіби даярлағаны үшін Глинка ат. Новосібір мемлекеттік консерваториясының алғыс хаты. (Ресей). Жемісті жұмысы және халықаралық конкурстардың лауреаттарын тәрбиелегені үшін Құрманғазы ат. Қазақ ұлттық консерваториясының алғыс хаты. Камералық-ансамбльдік орындаушылық халықаралық байқауының 1-ші заманауи туындысын үздік орындағаны үшін жеңімпаз, сондай-ақ Т. А. Гайдамович ат. арнайы жүлденің иегері. (Ресей). 2010 ж. Брамс музыка фестиваліне қатысқаны үшін Жамбыл ат. Қазақ мемлекеттік филармониясының Алғыс хаты. 2011 ж. халықаралық конкурс лауреатын дайындағаны үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің Алғыс хаты. 2012 ж. Ю.М. Крамаров ат. «Батыс – Сібір – Шығыс» жас ішекті музыканттардың 5 ашық конкурсының лауреатын дайындағаны үшін М.И. Глинка атындағы Новосибирск мемлекеттік консерваториясының оқытушысына алғыс (Ресей) сияқты марапаттарға ие болды.

Ермек Курманаев халықаралық білім алып, Қазақстан Республикасында, Ресейде, Америка Құрама Штаттарында оқып, тағылымдамадан өтті. Оның орындаушылық шеберлігінің халықаралық деңгейін және шетелде жұмыс істеу құқығын растайтын сертификаты бар.

Аға оқытушы Ермек Курманаев концерттік және педагогикалық қызметпен қатар айналысады, ол Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде өнер көрсетеді және шеберлік сыныптарын береді. Ермек Курманаевтың сапарларын асыға күтеді және ризашылықпен ұзақ уақыт еске алады. Ермек Курманаев Абай, Астана қаласының симфониялық оркестрі, Қарағанды қаласының симфониялық оркестрі, «Қазақстан камераты» мемлекеттік классикалық музыка ансамблі, мемлекеттік квартет. Г. Жұбанова және т.б., сондай-ақ жақын және алыс шет елдердің оркестрлерімен. республиканың жетекші ұжымдарымен мемлекеттік академиялық симфониялық оркестр, мемлекеттік академиялық опера және балет театрының Симфониялық оркестрі ретінде концерт береді.

Гилл Шагам, Ланг-Ланг, Ваг Папьян, Вито Ло Ре, Р. Скуратов, П. Гребанов, К. Орбелян, Д. Шаповалов, А. Тростянский, Р. Салаватов, Т. Абдрашев, К. Ахметов, Ж. Әубәкірова, Г. Мурзабекова, Т. Урманчееви сияқты көрнекті музыканттармен концерт береді. Австрияда, Польшада, АҚШ-та, Францияда, ТМД елдерінде, Қазақстанда гастрольдік сапарлар мен шеберлік сыныптарын өткізеді.

Концерттік-орындаушылық және педагогикалық қызметтен басқа, Курманаев Ермек ғылыми-әдістемелік жұмыстармен де белсенді айналысады. «Г.Жұбанованың концерттер триадасы», «Қазақстандағы виолончельдік орындаушылық тарихына» атты бірқатар мақалалары жарыққа шықты. «Ғазиза Жұбанова және 20 ғасырдың музыкасы» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына қатысып, баяндама жасады. Сондай-ақ А.Жұбанов атындағы республикалық байқаудың қазылар алқасының құрамында жемісті еңбек етті. Қазіргі уақытта Ермек Курманаев Мәскеуде қорғауды жоспарлап отырған кандидаттық диссертациямен айналысуда.

2022 жылы Қазақстан Республикасы Президентінен Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 30 жыл медалін алды.

Н.Н. АШИРОВ – Ғылыми кеңес төрағасы, ректордың м. у. а., ҚР еңбек сіңірген қайраткері:

Құрметті ҒК мүшелері, ұсынылған кандидаттарды дауысқа саламыз.

1. Қазақ ССР-інің халық артисі, «Парасат» ордені, «Құрмет» ордені, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Мемлекеттік стипендия иегері, «Вокал, дирижерлеу және музыкалық білім беру» факультеті «Дирижерлеу» кафедрасының меңгерушісі, профессор Базарғали Ажиевич Жаманбаевты Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасы «Барыс» орденіне ұсынамыз. Дауыс беру үдерісіне өтсек.

ДАУЫС БЕРУ ЖҮРІП ЖАТЫР.

Базарғали Ажиевич Жаманбаевтың Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасы «Барыс» орденіне ұсынылуы бойынша дауыс берудің нәтижесі:

Қатысқандар Ғылыми кеңес мүшелері: 25

Таратылған бюллетендер саны: 25

Таратылмаған бюллетендер саны: 3

«Қолдағандар» – 25 дауыс.

«Қарсы» – жоқ.

«Қалыс қалғандар» – жоқ.

Шешім бір дауыспен қабылданды.

2. «Халық музыкасы» факультетінің деканы, профессор Тулепберген Торахметович Токжановты Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасы «Құрмет» орденіне ұсынамыз. Дауыс беру үдерісіне өтсек.

ДАУЫС БЕРУ ЖҮРІП ЖАТЫР.

Тулепберген Торахметович Токжановтың Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасы «Барыс» орденіне ұсынылуы бойынша дауыс берудің нәтижесі:

Қатысқандар Ғылыми кеңес мүшелері: 25

Таратылған бюллетендер саны: 25

Таратылмаған бюллетендер саны: 3

«Қолдағандар» – 25 дауыс.

«Қарсы» – жоқ.

«Қалыс қалғандар» – жоқ.

Шешім бір дауыспен қабылданды.

3. Ректор аппараты қызметінің басшысы, «Халық музыкасы» факультеті «Домбыра» кафедрасының оқытушысы Ермек Жанатаевич Скаковты Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағына ұсынамыз. Дауыс беру үдерісіне өтсек.

ДАУЫС БЕРУ ЖҮРІП ЖАТЫР.

Ермек Жанатаевич Скаковтың Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағына ұсынылуы бойынша дауыс берудің нәтижесі:

Қатысқандар Ғылыми кеңес мүшелері: 25

Таратылған бюллетендер саны: 25

Таратылмаған бюллетендер саны: 3

«Қолдағандар» – 25 дауыс.

«Қарсы» – жоқ.

«Қалыс қалғандар» – жоқ.

Шешім бір дауыспен қабылданды.

4. «Аспаптық орындаушылық» факультеті «Ішекті аспаптар» кафедрасының аға оқытушысы Ермек Маликович Курманаевті Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағына ұсынамыз. Дауыс беру үдерісіне өтсек.

ДАУЫС БЕРУ ЖҮРІП ЖАТЫР.

Ермек Маликович Курманаевтің Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағына ұсынылуы бойынша дауыс берудің нәтижесі:

Қатысқандар Ғылыми кеңес мүшелері: 25

Таратылған бюллетендер саны: 25

Таратылмаған бюллетендер саны: 3

«Қолдағандар» – 25 дауыс.

«Қарсы» – жоқ.

«Қалыс қалғандар» – жоқ.

Шешім бір дауыспен қабылданды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

14. Әртүрлі. 14.1 «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ Қазақстан Республикасының мәдениетін, өнерін, рухани әлеуетін дамытуға қосқан елеулі үлесі мен сіңірген зор еңбектері үшін келесі профессор-оқытушылық құрамы Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларына ұсынылсын:

«Барыс» орденіне

1. Жаманбаев Базарғали Ажиевич – Қазақ ССР-інің халық артисі, «Парасат» ордені, «Құрмет» ордені, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Мемлекеттік стипендия иегері, «Вокал, дирижерлеу және музыкалық білім беру» факультеті «Дирижерлеу» кафедрасының меңгерушісі, профессор;

«Құрмет» орденіне

2. Токжанов Тулепберген Торахметович – «Халық музыкасы» факультетінің деканы, профессор;

«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағына

3. Скаков Ермек Жанатаевич – Ректор аппараты қызметінің басшысы, «Халық музыкасы» факультеті «Домбыра» кафедрасының оқытушысы;

4. Курманаев Ермек Маликович – «Аспаптық орындаушылық» факультеті «Ішекті аспаптар» кафедрасының аға оқытушысы.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

Төраға



Н. Аширов

Хатшы



Ш. Аманжолова